

63.3(2)к

М-83

Марат
Мұқанов

КАЗАК
ЖЕРЛІСІН
ТАРИХЫ

ГИГ

Марат
Мұқанов

63.3(2)к

М-83

ҚАЗАК
ЖЕРІСІН
ТАРИХЫ

АТАМУРА — ҚАЗАҚСТАН

АЛМАТЫ, 1994

37420

Кылтуская ЦБС
Кокчетавской области

**ББК 63.3(2) К
М 83**

**Мұқанов М. С.
М 83 Қазақ жерінің тарихы.— Алматы: Атамұра —
Қазақстан, 1994.— 80 бет.**

ISBN 5-615-01367-2

Автор архив деректері, төңкөріске дейінгі және Кеңес кеңесінің түсіндагы тарихи, ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, қазақ жерінің тарихын жазып шыққан. Кітапта Ресей империясының қазақ жерін XVIII ғасыр мен XX ғасыр басында жүйелі түрде отарлауы және оның қалай жүзеге пекәндигы туралы нақты құжаттар мен деректер көлтірілген. Тарих ғылымының докторы М. С. Мұқановтың бұл кітабы қазақ жеріне негізсіз көз алартушылардың империяшыл орандатушылық әрекеттеріне ғылыми түргыдан тоғтарыс беретін басылым.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**М 0503000000—004
401(05)—94 Без объявл. 94**

ББК 63.3(2) К

ISBN 5-615-01367-2

© «Атамұра»

ҚАЗАҚТАРДЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АТАМЕКЕНІ

Өзіміз әңгіме еткелі отырған тақырыпты баяндауға кіріспес бұрын өткен тарихымызға сәл ғана саяхат жасап алушымыз керсек.

Кез келген халықтың пайда болу және қалыптасу тарихы — өте үзак та күрделі құбылыс, оның нәтижесінде белгілі бір аймақта тілі ортақ, этникалық өзіндік түсінігі мен өзіндік атауы, ортақ материалдық және рухани мәдениеті бар адамдардың берік кауымдастыры қалыптасады.

Қазақ халқы, негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендейген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құбылыстарының түп тамырлары сонау қола дәүіріне, андропов мәдениеті дәп аталатын кезеңге саяды (б. з. б. XVIII—VIII ғғ.). Егер сол көне дәуір ескерткіштеріне, айталақ, қыш ыдыстардың ою-өрнектеріне көз салып, оларды қазактардың қазіргі уақыттағы ою өнерімен салыстыратын болсак, онда олардың көлтеген адам таңданарлық ұқсастықтары мен ортақ үлгілерін табуға болады.

Ерте темір дәуірінде (б. з. б. VII—IV ғасырлар) Қазақстан жерін сақ тайпалары — массагеттер, аргиппейлер, дайлар, исседондар және т. б. мекендейген. Белгілі ғалым, археолог К. А. Ақышев осы кезеңге жатқызатын Есік обасынан табылған «хайуанаттық нақышта» шекілген толып жаткан алтын әшекейлері бар жауынгердің киімі ежелгі сақ шеберлерінің ғаламат өнерін көз алдымызға әкеледі. Тап осындағы белгілер мен әуендер қазактардың қазіргі ою-өрнектерінде де кеңінен қолданылады, мұның өзі бұл өнердің үрпактан үрпакқа ұласып біздің дәуірімізге жеткен дәстүр екендігін дәлелдейді.

Ғалымдардың көпшілігі қола және ерте темір дәуірлерінің жоғарыда аталған тұрғындарын (сақтарды, үй-

сіндерді, қаңыларды) үнді-иран тайпаларына, Еуропа насліліне жатқызады.

Біздің заманымыздың 1-мыңжылдығының орта тұсына қарай түріктердің Солтүстік Монголиядан Амударияның төменгі ағысына дейін басып кіруі этногенетикалық құбылыстардың жаңа кезеңі болып табылады. Осы уақыттан түріктер сактар, үйсіндер, қаңылар үрпактарымен жедел араласа бастады, түрік тілі басым тілге айналды.

Түрік қағандығы құрылып, іле олардан Батыс-Түрік қағандығының бөлініп шығуы (603 ж.) тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің өзара сіңісуіне жағдай туғызыды. Батыс-Түрік қағандығы Қаратаяудың Шығыс бектерлерінен Жәңғарияға дейінгі ұлан-байтақ жерлерді алып жатты, олардың негізгі үткісі «он тайпа» — «он оқ бүдүн» болды. Бұл мемлекет астанасы Шу алқабындағы Суяб қаласы еді.

Феодалдық құрылымдар онша берік болмады, сөйтіп Батыс-Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін (702 ж.) бірінің орнына бірі Түргеш қағандығы (VIII ғ.), қарлуктар мемлекеті (IX—X ғ.), оғыздар мемлекеті (IX—XI ғ.) және басқалары пайда болды.

Қазақ этногенезінде қимактар мен қыпшактар да үлкен қызмет атқарды. XI ғасырдың ақырына қарай Қазақстанның Ертістен Еділге дейінгі кең-байтақ жерлерін қыпшак тайпаларының бірлестіктері алып жатты, олар Шығыс деректемелерінде Дешті қыпшак (қыпшактар даласы) деп аталды. XI ғасырдың ортасынан бастап қыпшактар онтүстік орыс далаларына еніп, қоныстанды.

Қазақтар этногенезінде басқа тайпалар да, мысалға, қазақ халқының қалыптасуында аса ірі бөлік болып табылатын қаймандар мен керейттер (керейлер) де үлкен қызмет атқарды.

Түрік тайпаларының халық болып бірігуіне монголдар шапқыншылығы үлкен кедергі жасады. Қазақстан жерлері үш монгол ұлысының құрамына: ең үлкен бөлігі — Жошы ұлысының құрамына; Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан — Шағатай ұлысына; Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі — Үгедей ұлысының құрамына енді.

Бұл жерде түрік тайпаларының өздерінің ежелгі мәдениетін ғана емес, тілін де сактап қала алғанын айтуымыз керек, тіпті ол ма, шапқыншы-монголдар түрік ортасына сіңіспін, олардың тілін және өздері жаулап алған

халықтардың материалдық және рухани мәдениетінің көптеген салаларын қабылдады.

Алтайдан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жерлерді иемденген және тарихи әдебиетте Алтын Орда деп аталған Жошы ұлысының феодалдық мемлекеті онша берік болмады да, XIV ғасырда оның құрамынан Ақ Орда бөлініп шығып, Қазақстанның Солтүстік-шығыстағы, Орталық және Оңтүстіктерінде Моголстан мемлекеті пайда болды. Бұлар жергілікті этникалық негізде пайда болған алғашқы ірі мемлекеттер еді. Осылайша, бір ғасырдан бір ғасыр өткен сайын атамекен жерлері белгіленіп, қазак халқын қалыптастыратын алғышарттар жасала берді.

XIV—XV ғасырларда Еділдің Шығыс жағындағы және Арас течізінің солтүстік жағындағы жерлер «өзбек елі», «өзбек даласы» деп аталатын болды, өйткені Дешті Қыпшактың бұл далалық бөлігін көшпелі өзбектер иеленді, сөйтіп бұл атап XVI ғасырдың басында Орта Азияға ауысты да, тұтас бір халықтың ғілдіретін болды.

XV ғасырдың 50—60-жылдарында көшпелі өзбектер мемлекетінің басшысы Эбілхайыр ханнан Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар бөлініп шыққаннан кейін «қазак» атап пайда болып, жақадан пайда болған халықтың этнониміне айналды.

Шу және Талас өзендері алқаптарында Қазақ хандықтарының құрылуы қазақ халқының бас косып, нығаюна және оларға туыстас тайпалардың косылуына жол ашты.

Біздің негізгі тақырыбымызға кірісер алдындағы қысқаша шолуымыз осындай (шын мәнісінде бұл ауқымда да өте күрделі мәселе).

Қазактардың атамекен жерлерінің этникалық қалыптасуы XVI—XVII ғасырлар барысында аяқталды.

Енді осы уақытқа қарай қалыптасан қазактың үш жүзінің жерлеріне сипаттама беруіміз қажет. Бұл мәселе жөніндегі деректер бұрынғы ҚСРО Орталық мемлекеттік тарихи архивінде (ЦГИА СССР), ҚСРО Орталық мемлекеттік әскери-тарихи архивінде (ЦГВИА СССР), Ресей сыртқы саясаты архивінде (АВПР), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде (ЦГА Республики Казахстан) сақталған архив материалдарына негізделген. Ол деректер — хандардың, сұлтандардың, билер мен батырлардың, сондай-ақ көпшілігі қазақ тілін

жақсы білген орыс әкімдерінің мәлімдемелері мен жазба құжаттары.

Ұлы жүз Жоңғар Алатауының бектерлерін, Балқаш көлінің оңтүстік беткейіндегі жерлерді (Жетісуды) және одан әрі Шу өзенінің солтүстік жағалауларынан Сырдарияның бас жағына дейінгі жерлерді мекендеді. Оған: дулат, албан, жалайыр, шапырашты, суан, қаңзы, сіргелі, шанышқылы, ысты, ошакты, сары үйсін тайпалары жатты. Ұлы жүз қазақтары жайланаған географиялық орта мен климаты өте қолайлы болды: жеті өзен (Іле, Қөксу, Қаратал және т. б.) алқаптарындағы шөбі шүйгін жайылымдықтар мен қыстау қоныстарды, Шу мен Сырдарияның бас жағы аралығындағы, Альпі таулары мен жазық беткейлері аралығындағы жалпақ жайылымдықтарды алып жатты.

Ұлы жүз жерлері қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Алматы, Талдыкорған, Жамбыл облыстары мен Оңтүстік Қазақстан облысы жерлерінің едәуір бөлігін қамтыды.

Орта жүз Тарбагатай қыраттары жүйесінің оңтүстігінен бастап Балқаш көлі, Сарысу өзенінің бас жағы, Қаратай таулары мен солтүстікте Оңтүстік Сібір жазықтарына дейінгі ұлан-байтақ жерлерді алып жатты. Бастыста оның шекаралары Торғай өзенінің бас жағынан Обаган өзеніне дейінгі, Шығыста — Оңтүстік Алтайдан бастап Сәүір жотасын және Зайсан қазан шұңқырын қамтып, Ертіс алқабының оңтүстік жағалаулары арқылы өтті. Орта жүзді арғын, қыпшақ, қонырат, найман, керей және уақ тайпалары құрады. Орта жүздің қыстық қоныстары үскірік жеден жақсы қорғалған, шұрайлы жайылымдық жерлер еді. Суы мол Ертіс, Ешім және басқа да өзендер, Зайсан, Марқакел көлдері, Қекшетау көл жүйелері, жазық далалар мен тау бектерлеріндегі жайылымдықтар түгел дерлік Орта жүздің иелігінде болды. Орта жүз жерлері сонымен қатар қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша — Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қекшетау, Ақмола, Қарғанды, Жезқазған, Қостанай облысының солтүстік-шығыс бөлігі мен Торғай облыстарының бірқатар жерлерін де қамтыды.

Кіші жүз жерлері оңтүстікте Сырдария мен Устірт қыраттарынан, Қаспийдің шығыс жағалауларынан басталып, солтүстікте Жайық, Ырғыз, Ембі, Тобыл және толып жатқан шағын өзендер мен дала көлдері алқаптарын қамтыды. Кіші жүзді ірі үш тайпа — Байұлы, Әлім-

ұлы және Жетіру құрады. Бұл жүз мекендеңген ортанның бір бөлігінің екінші бөлігінен айқын айырмашылығы бар: Жайық, Тобыл өзендерінің бойларындағы алқаптар шұрайлы жайылымдықтарға бай болса, Үстірт қыраттары суға тапши, Сырдария алқабының сусы мол болса, Қарақұм, Қызылқұм тұтасқан шөл дала... Қазақстанның бұл бөлігінің климаты да айқын құрлықтық, күн мен түн қызыу өзгеріске түсіп отырады. Қіші жүз жерлері қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Орал, Қостанай облыстарының, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігін және Торғай облысының оңтүстік-батыс бөлігін қамтыды.

Уш жүзге бөлінген қазақтардың біртұтас мемлекеттік құрылымы болмағандығын айта кетуіміз керек, әр жүздің өз ханы болды, сұлтандар бастаған ұлыстар соларға тікелей бағынды. Елді Шыңғыс әзлетінен шыққан феодалдық билеушілер (Шыңғысхан ұрпақтары) басқарды. XVII ғасырда олардың жалпы саны мың адамға жетер-жетпестей ғана болды. XVI—XVIII ғасырлар аралығында неғұрлым жігерлі де беделді сұлтандар басқарған қазақ хандықтары пайда болғанымен, олар этникалық жағынан қалыптасқан жерлерді мекендейтін барлық қазақтарға бірдей билік жүргізе алмады.

Біртұтас мемлекет болмауының басты себебі қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық мәніне байланысты еді. Қазақтардың революцияға дейінгі сақталып келген рулық-тайпалық құрылымы — рулық бөліністің қалдықтары тым теренде жатқан құбылыс болатын. Бұл жерде XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезі аралығындағы аты мәлім тайпалардың ұзақ ғасырларға созылған феодалдық дәуірде терең де күрделі өзгерістерді бастағынан кешкендерін есте ұстауымыз керек. Қоңе дәуірде және кейінгі орта ғасырларда қалыптасатын тайпаларды бір-бірімен салыстыруға есте болмайды, дегенмен рулық-тайпалық құрылыштың сарқыншақтары сол қалпында сақталып қалған еді және соларды тиімді пайдалана білген феодалдық коғам билеушілері қатардағы көшпендейтердің мүдделерін қөбінесе өз мақсаттарына пайдаланып «қорғап» отырды.

Шаруашылықты жүргізу ерекшеліктерін де ескер-меуге болмайды — қарапайым шаруалардың басым көпшілігінің өмірі көшпелі мал шаруашылығына байланысты еді. Қазақтардың уш жүзге бөлінінің өзі де ең алдымен экономикалық себептерге, дәлірек айтқанда, бір

шақырымға жеткен Жайық бекіністі шебі (кейін Пугачев көтерілісін басқан соң Орал деп аталған, қазактың Жайық өзенінің атауымен) Гурьев қалашығынан (қазіргі Атырау каласы) басталып, Жайықтың (Оралдың) бойымен Алабұға шебіне дейін (казіргі Солтүстік Қазақстан облысы Пресногорьков ауданының орталығынан батысқа қарай) өтті, Үй мен Тобыл өзендері бойындағы жерлерді қамтыды. Алабұға шебінен Елек өзенінің бойындағы Озерныйға дейінгі қамалдарда, бекіністер мен қорғандарда Орынбор казактары әскери қызметтерін атқарды да; осы шептің бір бөлігі Орынборлық деп аталды, ал шептің калған бөлігін де казак әскерлері қорғады.

Орынбор шебінен шығысқа қарай Сібір казак әскерлері қамалдарының шебі созылып жатты. Бұл туралы XIX ғасырдың 70-жылдарында Ф. Усов былай деп жазды: «Орынбор казак әскерлерінің Сибирск поселкасынан (№ 73), 83° ш. б.-тағы шекарасынан басталатын сібір казактары қоныстарының үздіксіз шебі түп-тура батыстап шығысқа қарай бағыт алып, Омбы қаласына (91° ш. б.) жетеді, Солтүстік ендіктің 55° географиялық параллелін бойлап өтеді, осыншама қашықтықтағы аймақ Ешім, Пресногорьков немесе Аңы шеп, сондай-ақ әскерлердің он қанаты деп аталады; Омбыдан әрі онтүстік-шығысқа қарай күрт бұрылып, 6° географиялық ендік арқылы Азияның ең үлкен өзендерінің бірі — Ертістің он жағалауымен созыла түседі; 49° солтүстік ендікте солтүстік-шығысқа қарай, Бұқтарма өзенінің таңғажайып таулы алқабына бұрылады да, 103°34' шығыс бойлық бойындағы Қытаймен шекаралас жақадан салынған Урыльск селосына тіреліп аяқталады. Омбы мен Өске-мен аралығындағы казак шебі Ертістік, ал одан әрі онтүстікке қарай — Бұқтармалық деп аталады, бұлардың екеуі қосылып әскерлердің (Сібірлік — М. М.) сол қанатын құрайды. Сибирск поселкесінен басталып, Урыльск поселкесіне дейінгі Сібірлік казак шебінің жалпы ұзындығы географиялық бойлық бойынша 20°-ка немесе 10-нан 30-ға дейінгі ендікте 1801 1/4 шақырымға жетеді» (73. 18-б.).

Сібір әскерлерінің казак қоныстарын салу XVIII ғасырдың басынан тұтас бір жүэжілдікқа созылды. Ертіс бойына қамалдар орнату барысында орыс әскерлері өлкенің түркіліктері халықтары тарапынан ғана емес, казақтар жеріне басып кіріп, оларды жаппай батысқа қарай ығысуға мәжбүр еткен шапқыншы жоңғарлардан да қатты қарсылық көрді. Бухгольцтің Ямышевск көлінің

маңындағы қамалды салып болған соң Ертіс бойымен үш мын әскермен одан әрі жоғары қарай жылжуна өздері жаулап алған қазак жерлерінде қаһарлы күшке айналған тап осы жонғарлар кедергі жасап, оларды Ом өзенінің сағасына оралуға мәжбүр етті. Сейтіп жаңадан Омбы қамалы пайда болды (1705 ж.). Қейінірек Семей (1718 ж.), Өскемен (1720) т. б. бекіністердің іргесі қаланды (65. 151-б.).

Сейтіп Жайық, Орынбор және Сібір шептерінің бойында казак қоныстарын салу көшпенді қауым пайдаланып келген қыруар жерлерді тартып алуға мүмкіндік берді де, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көшіп-қону жолдарын бұзуға әкеп соктырды.

ЖОНҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ

Егер орыс әскерлерінің ілгері жылжып, негізінен бекіністі шеп бойларына қоныстар салуы (Жайық, Горький, Ертіс, Бұқтарма) онша үлкен қарсылықсыз жүргізілсе, жонғарлардың ұлан-байтақ жайылымдықтар мен су көздерін басып алу мақсатымен Қазақстанға енуі кан төгіс қактығыстарға, көптеген көшпенді қауымдарды талқандап, қазактардың басым көпшілігін өздерінің атамекендерінен батысқа босуына әкеп соктырды.

Жонғарлардың (ойраттардың, қалмактардың) қазақ даласына енуі XVII ғасырдың бас кезінде-ақ басталды. 1621 ж. казактар отряды Есіл өзеніне жіберілді. Казактар қайтып оралған соң өздерінің далада «қалмактардың (жонғарлардың — М. М.) жан-жаққа бағыт алған іздерін» көргендерін мәлімдеді (54. 44-б.). 1623 ж. Тобыл воеводасы Матвей Годунов жонғар тайшасы (билиеушісі) Толаймен байланыс орнату үшін Дм. Черкасов бастаған елшілік жіберді. Черкасов «Талой (Толай — М. М.) тайшаның Қазақ ордасының жерінде (құжатта осылай жазылған — М. М.) Пенни тауының маңында тұрғанын» хабарлады (54. 95-б.). Оның Пенни, яғни Пегий деп отырғаны — Алатау. Тайшага жіберілген орыс елшісі 1637 ж. «Ертіс бойымен Темір өзеніне дейін кері қайткан жолда көптеген қалмақ адамдары мен олардың ұлыстарын көріп, үш күн бойы солардың жандарынан өткенін» мәлімдеді (61. 143-б.).

Жонғарлардың қазак жеріне енуі туралы Сібір губернаторы кінәз Гагариннің сенатқа, Қайып ханның Си-

бір Губернаторына, орыс уәкілдерінің т. б. мәлімдемелепінен білуге болады (61, 152, 157, 158, 162-б.).

Қазақтарға, әсіресе, XVIII ғасырдың басы ауыр соқты. Бұл туралы Ш. Үәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылы қырғыз (қазак — М. М.) халқының өміріндегі аса ауыр жылдар болды. Жонғарлар, Еділ қалмактары, Жайық казактары мен башқұрттар олардың ұлыстарына жан-жақтан қаптай үмтىлыш малдарын айдал, тұтас қырғыз ауылдарын отбасымен тұтқынға әкетіп отырды. Қоқтің де қаһары төңгендей үскірік қыс, жұтпен аштық екінші жағынан қыспаққа алды» (24. 426-б.).

Бұлардың барлығынан да жонғарлардың 1723 жылғы қырғыны ерекше ауыр тиді, халық оны «Ақтабан шұбырынды» деп атады. Сол жылы Ұлы және Орта жүз казактары топ-тобымен шұбырып, Сырдарияның төменгі сағасына, Тобыл өзеніне, Ресейдің көмегі мен қамқорлығынан үміт етіп казак шептеріндегі қоныстарға жақынырақ жерлерге көшіп кетті (24. 426—427-б.). Дегенмен, әзірге қазак даласына жеткілікті дәрежеде орныға қоймаған және қазак жүздерімен өзара қатынас туралы бекітілген келісім шарттары жоқ Ресей бұл уақытта Жонғариямен ашық соғысқа кірісе алмады.

Сондықтан мұндай жағдайда қазақтар біртұтас жақақ құрсағана жонғар шапқыншылығына қарсы тұра алатын еді. Барлық үш қазак жүзінен шыққан халық батырлары: Бөгөнбай батыр, Тайлақ батыр, Наурызбай батыр т. б. осы біріккен күшті құруға кірісті.

Найман тайпасының қаракерей руынан шыққан ақылына ерлігі сай Қабанбай батырдың халық арасында беделі күшті болды. Ол Аягөз өзенінің маңында дүниеге келген. Ел аузындағы ақызға қарағанда «Ақтабан шұбырынды» жылы ол 31 жаста екен. Дұшпанмен айқастағы өжеттігі мен женістерін жоғары бағалаған халық оны дарабоз батыр — батырлардың батыры, ал Абылай хан тұп-тұра батыр хан деп атаған. Қабанбай батырдың жұрт алдындағы беделінің жоғары болғандығы соншалық, ол ауыр сырқатка шалдыққан сәтте бүкіл қазақтың ардақты атасы, қарт ақын Бұхар жыраудың өзі деңсаулығын сұрай барған. Өз енбектерінде Ш. Үәлиханов та Қабанбай батырды құрметпен еске алады (25. 431-б.).

Қазақтардың біртұтас жасаққа бірігуі тез-ақ нәтижесін берді, олар 1727 ж. Торғай даласының оңтүстік-шығыс жағында алғаш рет жонғарларға құйрете соққы берді де, еңсесі түскен халық бір көтеріліп қалды, ал

ұрыс болған жер «Қалмақ қырған» атанды (35. 3-т., 21-б.). 1730 ж. қазақ жасактары жоңғарларды тағы да қүйрете женіп, оларды өз жерлеріне кетуге мәжбүр етті (35. 3-т., 22-б.).

Тәуке ханның дүние салуына байланысты жоғары билік үшін қурес басталды да, қазақтардың жеңістері осымен аяқталды. Феодалдар арасындағы ішкі алауыздық қырқысуларды пайдаланған жонғарлар қазақ жерлерін басып алу үшін қайтадан батысқа қарай жылжыды. Міне, қазақтар арасында жік түсіп, қылыштарынан кан тамған жонғар әскерлері қазақ қөші-коныстарын талай бастаған осындай қыны-қыстау жағдайда бір үлкен камкоршы қажет болды. Мұндай күш солтүстіктерін көрші — Ресей еді.

ҚАЗАКТАРДЫҢ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАУЫ

XVI ғасырдың ақырында-ақ қазақ хандары мен Ресей патшасының арасында соғыс одағын құру туралы келіссөз жургізіле бастады. Қазақтар сауда катынастарын орнату және Ресейдің бодандығын қабылдаудың шарттарын, т. б. анықтау үшін елшілер жіберді.

XVII ғасырдың басынан қазақ жерін жонғарлардың басып алу қаупі туған сәтте, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы шарасызы қажеттілікке айналды. Осындағы жағдайда Қіші жұз ханы Әбілхайырдың 1730 ж. патша ханым Анна Иоанновнаға жолдаған хаты іс жүзінде алғашкы қадам болды. Хатта «өзіме қарайтын Орта және Қіші жүздің барша қазақтары «Сіздің боданыңыз» болғымыз келеді» дедінген.

Ресей сыртқы істер алқасы бүл жағдайға байланысты Әбілхайыр ханнан басқа «Тағы да екі хан — Барак пен Әбілмәмбет бар екенін» мәлімдеді (4. 35-б.). Олар Орта жүздің белгілі сұltандары, жонғарларға қарсы қозғалысқа белсene араласып, Ресейге қосылуды жақтайтын қайраткерлер болатын. Сыртқы істер алқасының мәлімдемесінде көрсетілгендей, олардың қарамағындағы қазақ рулады Ұлытау мен Қішітау шоқыларының ара-лығында, Сырдария, Сарысу, Торғай өзендерінің бойында, Қарақұмда, былайша айтқанда, Орта жүздің батыс белгінде көшіп-конып жүрді.

1731 жылдың 19 акпаны қазақтардың Ресей бодандығын қабылдаған күні болып саналады, осы күні Анна

Иоанновна Эбілхайыр мен барша қазақ атына жазылған грамотаға қол койды (4. 40—41-б.).

Дегенмен, Орта жүзді түгел дерлік Ресейдің қол астына қарату бірқатар рулардың қоныстары орыс шебінен қашықтығы және ұлыс басшыларының Ресей ықпа-лына түсуді қаламауы салдарынан тұтас бір ғасырға созылды.

Ресейден неғұрлым алыста жатқан Ұлы жүз Ресей боландығын 1818 ж. кабылдады, ал бірқатар тайпалар бұл шараға 1847—1848-жылдары ғана қосылды.

Дегенмен, қазақтардың Ресей боландығын қабылдауы «қамқоршы» тарапынан болатын әскери көмекті жасата қоймады да, өз жерлерінен жоңғарларды қуып шығу бұрынғысынша қазақтардың өз шаруасы болып қала берді.

XVIII ғасырдың ортасына қарай қазақтар үшін әс-кери-саяси жағдай қолайлы болып қалыптасты. Жоңғар патшалығы мен Цин Қытайының арасындағы толассыз қақтығыстар барысында 1745 ж. Цин Империясының әс-керлері өз бакталастарын тас-талқан етіп женді де, қытай әскерлерінің жекелеген топтары тілті Қазақстанның шығыс шептерінде бой көрсете бастады.

Бірақ жоңғарлар (ойраттар) әлі де қуатты еді. Қытай тарихшысы Вэй Юань олардың төрт хандығы (дәлірек айтқанда, иеліктері — М. М.): орталығы Іле өзенінің бойына орналасқан чороштар, Үрімшіде — хошоуттар, Ертісте — дербенттер және Жардан (Тарбағай) басқарылған торғауыттар болғандығын жазды (12. 1-бөл., 198-б.).

Осындай жағдайда бір жағынан ойраттар тағына бақталастар арасындағы рулық ішкі алауыздықтарды пайдаланып (бірде Давааиді, енді бірде — Амурсананы қолдап), екінші жағынан, әбден күшейіп алған Цин қытайымен ашық тартысқа бара қоймаған Абылай сұltан (1771 ж. хан болып жарияланды) өзінің аса көреген саясатшы екенін танытты.

Қытай әкімдерінің мәлімдемелерінде XVIII ғасырдың ортасында қазақтардың көші-коныстары «Іле өзенінің солтүстік-батысынан әрі қарай созылып, бірте-бірте солтүстік-шығысқа дейін жеткен. Ал қазір (XVIII ғасырдың ортасында — М. М.) олардың көші-коныстары Амурсана иеліктерімен шектесетін Солтүстік жағалауларында да бар» (12. 1-бөл., 31-б.).

Қазақтардың жоңғарлармен арадағы әскери қақтығыстары алма-кезек табыстармен аяқталып отырды. Қе-

зак әскерлері Даваці әскерлерінен жеңілсе, бірнеше ай өткен соң Абылай Батэм-Цереммен (Амурсананың бауыры) одактасып, он мың кол жасақпен Бураталдағы Да-ваці иеліктерін тас-талқан етті.

Арадағы жолдама құжаттар мен елшіліктерге кара-ғанда Цин императорлары Абылайды қалайда өз жақта-рына шығарып, тәуелді етуге үмтүлғандары байқалады.

Бұл дипломатиялық саясаттың барлығында да Абы-лай бір ғана мақсатты — ежелгі ата қоныстарын қазақ руларына қайтарып беруді көзделді. Мысалға, қытай са-райының бір құжатында (1957 ж. қараша): «Сіздің (Абылай сұлтанның — М. М.) елшілеріңіз Тарбағатайды сіздердің ежелгі көші-қоныстық жерлеріңіз (аудандарының) екепін айтып, бұл жерді сыйға тартуды өтінді» деген мәлімдеме жасалған (12-а, 1-бөл., 144-б.).

Осыған қарамастан император Цяньъун сөфіс кеңе-сіне арнап шығарған жарлығында (1760 ж. көкек) казақтардың Тарбағатайдағы көші-қоныстары туралы дерек-терді келтіре отырып, «оларды бұл³ аймақтан (Тарбаға-тайдан) дереу қуып шығуға бұйрық береді» (12-б. 2-бөл., 12-б.).

Дипломатиялық келіссөздер мен курес ұзак жылдар-ға созылып келді де, ақырында XVIII ғасырдың соңына қарай ойраттарды Қазақстанның шығыс аймақтарынан қуып шығумен аяқталды. Ал Қытаймен екі арадағы өза-ра қарым-қатынастар тұтас бір ғасырга созылды, бұл қатынастардың немен, қалай аяқталғанына кейінрек тоқталамыз.

XVIII ҒАСЫРДЫҢ АҚЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Қазақ жерінен жоңғарларды қуып шыққаннан кейін руладар мен тайпалар жаппай атамекендеріне орала бас-тады. Ұлы жүз қазақтары топ-тобымен өз жерлеріне көшті, бұл қозғалыс, әсіресе, Орта жүз қазақтарын кеңінен қамтыды, өйткені жоңғар шапқыншылықтары барысын-да өз мекендерінен айрылғандардың басым көвшілігі де негізінен солар болатын.

Сырдария жағалауларынан, Түркістан аймағынан үдере көтерілген Ұлы жүз тайпалары Жетісү ауданына, Орта жүз тайпалары Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан далаларына ауысып қоныстанды.

XVIII ғасырдың ақырындағы қазақ тайпаларының тарауы туралы аса күнды материалдар бар. Өзінің «Ұлы, Орта және Кіші Орда болып бөлінетін қырғыз-қайсақтар (казактар — М. М.) туралы» мәлімдемелерінде Орынбор генерал-губернаторы Г. Волконский әuletter, аталар (мұны рулар деп түсіну керек — М. М.), үш жүздегі қазақ тайпаларының көші-қоныстық жерлері жайлы мағлұматтар береді. Г. Волконскийдің бұл деректері өзде-ріне қарасты ұлыстарды жақсы біletін ру басшылары арасынан жиналған.

Г. Волконскийдің деректерін пайдаланған кезде оның тайпалар мен рулар атаяуларында, жер аттарында, сондай-ақ руларды бір-бірімен шатастырып алған рулық-тайпалық құрылымдарды баяндауда жіберген кателіктерін еске алу керек.

Сонымен, Г. Волконскийдің деректері бойынша, Ұлкен орда (Ұлы жүз) алты тайпадан құралған: дулат, сіргелі, сары үйсін, жалайыр, шанышқылы және қацлы.

40 000 отбасынан тұратын дулат тайпасы Қытай шекарасы маңында, Құлжа, Қашқар, Куқон ауданында, Жонғария жерлерінде (автор, шамасы, жонғарлардың Жетісу өзендері мен Алатау тауларына дейінгі басып алған жерлерін айтатын болуы керек — М. М.), сондай-ақ Талас, Ангрен, Шыршық өзендері алқаптары мен Шыңғыс-Шаған тауларындағы жерлерде көшіп-конып жүрген.

20 000 отбасынан тұратын сіргелі тайпасы жазда Түркістаннан Ақмешітке, Сырдария мен Куандария сағала-рына, Алакөл мен Аунамаз көлдерінің төнірегіне көшкен. Бұл тайпа көшпенділері Сарысу және Қараша өзендері-нің бойын қыстаған.

70 000-дай отбасынан тұратын сары үйсін және жа-лайыр тайпаларының көші-қонысы сіргелі тайпасымен аралас-құралас болған.

3 000 отбасынан тұратын қацлы және шанышқылы тайпалары Сырдария жағалауларынан Ташкентке қарай көшетін болған (II-в. Д. 23. Л. 2—2 об.). Г. Волконскийдің есебі бойынша, жоғарыда аталған тайпалардың он үш руында 70 000 отбасына дейін болған (II-в. Д. 23. Л. 2 об.). Дегенмен, автор атаған тайпалар бойынша барлық отбасының жалпы санын шығарсак, 133 000 отбасы болып шығады. Албан, шапырашты, суан, ошақты, ысты тайпалары калып койған. Шамасы, жонғарларды куып шықканнан кейін олар Жетісу мен Қазақстанның оңтүс-тік-шығыс аймақтарына ауысып кеткен болулары керек.

Сондықтан бұл тайпалардың ру басшылары Г. Волконскийге өздерінің көші-коныстық жерлері туралы мәлімет бермеген.

Г. Волконскийдің деректерінде Орта жүздің барлық алты тайпасы түгел аталады, олар: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, керей, уак.

Найман тайпасының 35 000 отбасын біріктіретін 6 руы Қытаймен шекаралас, Құжан-Қайнақ қамалының қарсысындағы, Ертіс бойы мен Тарбағатай тауларындағы жерлерді мекендеген.

Арғын тайпасының 30 000 отбасынан тұратын 5 атасы Баянауыл, Қызылтау, Долба, Үкіті-Қазлық, Шыңғыстау, Шаған тауларын, Торғай өзенінің сағасын және Ұлытау шоқыларын қыстаған. Жазда Ерейментау мен Нұра, Жиделісу өзендерінің бойын жайлап.

Арғын тайпасы тарақты руының 4 000 отбасынан тұратын екі атасы Іш күңгір құмдары мен Шу өзенінің бойын қыстап, жазда Сарысү бойындағы және Есіл өзенінің сағасындағы жайылымдықтарға көшкен.

Найман және қоңырат тайпаларының 15 мың отбасынан тұратын 12 руы жазда Шажығай, Қексу, Қаратал өзендерінің жағалауларындағы аймактарды, Ақтуар тауының бөктерлерін жайлап, қыста Түркістан мен Та什кент төңірегіне тұрақтады.

Арғын тайпасының 9 мың отбасынан тұратын 2 руы Ертіс өзенінің бойын қыстап, жаз жайлады.

Уақ және керей тайпалары мен Кіші жүздің жалпы саны 8 000 отбасынан тұратын жетіру тайпасы жазда Есіл өзенінің бойын, Жайылма көлікің төңірегін жайлап, қыста Ертіс алқабын қоныстанды.

Арғын тайпасының 11 000 отбасынан тұратын 2 руының жазғы жайылымдықтары мек қыскы тұрақтары Ешім және Есіл өзендерінің бойы, Қекшетау мен Мұқшатай бөктерлері, Уш күндақ, Уш бүрлық, Қылшакты шатқалдары болды.

Қыпшактардың 1 000-дай отбасы Есіл, Обаган өзендерінің бойын, Жасыр және Бағар шатқалдарын көші-коңыс етті.

Керейлердің 1 000-дай отбасы Үй, Тоғызак өзендерінің бойын, Жайлан, Жоғарғыоралдан Далалық қамалға дейінгі бекіністер төңірегін және осы қамалдар қарсысындағы далаларды қыстады.

Қыпшактардың 3 000-дай отбасынан тұратын 4 руы жазғы уақыттарда Тобыл, Эйет өзендерінің бойлары мен сағаларын жайлады. Қыста Далалық қамалдан бастап,

Троицк арқылы Усть-Үй қамалына дейінгі жерлерді, Үй өзенінің бойымен Тобылға дейінгі және осы аталған қамалдар қарсыындағы далаларды жайлады.

Қыпшак тайпасы танабұға руының 2 000 отбасынан тұратын 6 атасы қыпшактардың жоғарыда аталған 4 руы сияқты Тобыл, Әйет өзендерінің бойы мен сағаларының жаз жайлалау, қыс қыстасу етті.

Қыпшак тайпасы көлденең руының 2 000 отбасына дейін жететін 4 атасы да қысы, жазы осы жерлерді жайлайды.

Керей тайпасының 4 000 отбасынан тұратын 4 руы жазда Ешімнің шығыс жағалауларын жайлап, қыста Звериноголовск және Пресногорьковск қамалдарының қарсы беті мен Обаған өзені жактағы далаларды тұрақ етті.

Арғын тайпасы шаржетім руының 8 000 отбасынан тұратын 12 атасының жазғы жайылымдықтары Торғай мен Тобыл өзендерінің және соларға құттын шағын өзендердің бойында болды, олар Обаған өзенінің бойы мен Күркөпа шатқалын қыстады.

Арғын тайпасы шакшақ руының 6 000 отбасынан тұратын 5 атасы жазда Әйет өзенінің бойын жайлап, қыста Торғай далалары мен Сары ботан өзенінің бойымен оның Тосын құмындағы Үлкімаяқ өзенімен қосылатын тұсына дейінгі және дала көлдері төніректеріндегі жерлерге тұрақтады.

Қыпшак тайпасы торайғыр руының 3 500 отбасынан тұратын 4 атасы жазда Аманқарағай шатқалы мен тұзды көл маңындағы Белібай шебіне қарай (Орынбор шебіне — М. М.) көшіп, қыста Шикияқ және Торғай өзендерінің бойынан Қарақұмның орта тұсына дейін қыстап шығады.

Қыпшак тайпасы ұзын руының 2 000 отбасынан тұратын 6 атасы жазда Торғай, Мойылды өзендерінің бойын, Обағаның бас жағын жайлады.

Найман тайпасының 900 отбасына дейін жететін бағаналы руы жазда Ешімнің бас жағын жайлап, қыста Торғай маңын, Ақкөл жағасын, Жыланшық өзенінің сағасын тұрақ етті. Осы рудың 6 000 отбасына дейін жететін 12 атасы жазда Торғай және Ешім өзендерінің бас жағын, Ұлытау мен Кішітауды және Мұрын, Тарагай, Сандық және Қысқан шатқалдарын жайлады. Олар Қаралқұмда Қараөзек және Сырдария өзендерінің бойын, Қарабауыл, Қармақшы зираттарының маңын, Ақ сауыл шатқалдарын қыстады.

Найман тайпасының 4 000 отбасынан тұратын 4 атасы және Арғын тайпасы тобықты руының 2 000 отбасына дейін жететін екі атасы қысы, жазы жоғарыда аталған бағаналылар жайланаған жерлерді көші-қоныс етті.

Орта жүздің 100 руы мен аталарындағы барлық отбасыларының саны 159 400-ге дейін жетті (II-в. Д. 23. Л. 2 об.— 6 об.).

Бұл деректерден қазақтардың тікелей казак бекіністі шептеріне жақын мәндарды төңіркеп, тіпті кей жағдайларда олардан әрі өтіп және бекініс тұрғындары мен губерниялық басшылық әкімшілігі тараптарынан ешқандай қарсылық көрмегендерін байқаймыз. Мұның басты себебі, бекіністі шептерге жақын келуге болмайтындығы туралы жарлық әзір шыға қойған жоқ болатын. Бұл жарлықтың жарияланатын уақыты әлі алда, біз оған арнайы тоқталамыз.

Г. Волконский деректерінде Кіші орда (Кіші жүз) мейлінше толық жазылған. Өйткені бұл жүз қазақтары Орынбор генерал-губернаторына тікелей тәуелді болған.

Г. Волконский өз мәліметтерін Кіші жүздің әр түрлі руларынан тұратын 6 000 отбасының өз руластарынан бөлініп Шу, Сарысу өзендерінің бойына, Еслідің бас жағына Орта жүз қазақтарына кеткенінен бастайды. Жетіру тайпасының 1 000 отбасына дейін жететін табын руы да Орта жүз жерлеріне кетіп, жоғарыдағы рулармен аралас-құралас көшіп жүрген.

Байұлы тайпасы беріш руының 1 200 отбасынан тұратын екі атасының жазғы көші-қоныстық жерлері Қаралымның батыс бөлігіндегі Ушқызыл, Ибел, Тебез шатқалдарында болды, қыста Сырдарияның жағалауын және Айғыр, Соққан шатқалдары мен Куандарияның бойына тұрақтады.

Байұлы тайпасы жаппас руының 7 200 отбасынан тұратын алты атасы болған (автор олардың көші-қоныстық жерлерін көрсетпеген, тек олардың Троицк мен Жаманқала қамалдарына барып сауда жасайтынын гана айтады — М. М.).

Жетіру тайпасының 300 отбасына дейін жететін табын руы жаз уақыттарында Сырдария мен Куандарияндан Қаралымның солтустігіне қарай, Торғай және Тобыл өзендеріне, Уш әйет шатқалы мен Троицк қаласының карсы бетіне көшіп, қыста Сырдарияның бойымен Коркыт, Куандарияның бойымен Куат шатқалдарына Баян қақы және Жана қақы шатқалдарына тұрақтады.

Байұлы тайпасы алтын руының 5 000 отбасынан тұратын төрт атасы мен таздар руының 800 отбасына дейін жететін екі атасы және жетіру тайпасы тілеу руының 2 800 отбасынан тұратын төрт атасы Торгай, Қарасқай өзендерінің бойын, Үрқаш — Кіндіктікөл көлдерінің жағалауларын жайлап, қыста Сырдарияның сол жағалауын, Темірлік шатқалынан Куандариядағы шатқалдарынан дейінгі жерлерді тұрақ етті.

Жетіру тайпасы керейт руының 4 000 отбасынан тұратын он екі атасы Ыргыз өзені арқылы Қарашатау тау-ларына дейін етіп, Қарақұмның солтүстік аймақтарын жайлады. Қыста Сырдарияның сол жағалауларындағы Тұмарлық, Қызылжал, Башы, Ақтөбе шатқалдарын және Жаңадарияның тұрақ етті.

Әлімұлы тайпасы шөмекей руының жалпы саны 18 500 отбасынан тұратын он төрт атасы Қарақұм мен Тоғыс-қан шатқалынан зерттегендегі жерлерді жайлады. Олар Сырдария бойындағы Таскешу, Бесарық, Байғұс деген жерлерді, Куандария бойын, Эйтімбет. Эшір, Құліс шатқалдарын және Жаңадарияның бойын қыстады.

Әлімұлы тайпасы төртқара руының 11 000 отбасына дейін жететін он екі атасы Қарақұмның арғы жағындағы Тоғашқопа маңындағы, Құлақшы, Барбықайрақты, Талдықты көлдерінің іргесіндегі жерлерді, Майлыбас, Құнту шатқалдарын, Куандария бойымен Хиуа жақтағы және Жаңадарияның бойымен Сарлытау зираты жаңында тұрғызылған Нұртай қамалының маңындағы жерлерді қоныс етті.

Шекті руының 15 000 отбасына дейін жететін төрт атасы мен қаракесек руының 3 500 отбасына дейін жететін төрт атасы, шектінің 2000 отбасына дейін жететін екі атасы және шөмекей руының 1 500 отбасынан тұратын Әлімұлы тайпасына қатысты бес бөлімшесі жазда Қаспий теңізі жағалауларындағы Көк домбан, Қылыш қыры, Борсық шатқалдары маңын, Ембі (Жем), Темір, Сағыз, Ойыл, Қобда өзендерінің бойын Жайық өзенінің шағасына дейін жайлады. Бұл рулардың бірқатары қыста Сырдария бойын, Қаратұз, Жыңғана шатқалдарын, Куандарияның құяр түсын, Арал теңізі жағалауларын, Қарақұм қамыстарын, Борсықты, Жем өзенінің бойын, Қаспий теңізінің маңын, басқа да шағын өзендердің бойларын тұрақ еткен.

Жетіру тайпасы табын руының 4 000 отбасына жететін тоғыз атасы Арал теңізіндегі батыс жағалаулары мен Қаспий теңізі бағытындағы Құлмауыр, Шаматай шатқалдарын, Шінге тауының іргесіндегі, Шұрық көші зиратының түбіндегі құмдарды қыстады. Жазда Жемге карай көшті.

Байұлы тайпасы адай руының 10 000 отбасына дейін жететін он екі атасы және Масқар руының 3 000 отбасына жететін бес атасы, қызылғұрт руының 3 000 отбасына жететін алты атасы, есентемір руының 3 000 отбасына жететін төрт атасы, жаппас руының 1 000 отбасына жететін екі атасы — осылардың барлығы да Жайық пен Жем өзендерінің аралығын, Бұлдырты, Жусалы, Шыңғырау, Ақаты өзендерінің төңірегін, Қобда өзеніне дейінгі жерлерді жайлады. Олар Қаспий теңізі жағалауындағы Маңғышлақта, Айракты шатқалында, Жем, Жайық өзендерінің сагаларын, Гурьев, Сорочикоп қамалдарының карсы беттеріндегі шығанактәр мен Орал шебімен жоғары жақтағы жерлерді қыстады.

Орта жұз уақ тайпасының 2 500 отбасынан тұратын жеті руы Кіші жұз қазақтарымен бірге Ойыл және Кіж өзендерінің бойын жайлады.

Табын руының 6 500 отбасына жететін он бір атасы, кердереі руының 3 500 отбасына жететін бес атасы, жетіру тайпасына жататын тама руының 2 000 отбасына жететін алты атасы жазда Орал бекінісінің қарсысындағы Қанлы, Доңыз, Қобда және Елек өзендерінің бойларындағы жерлерді жайлады. Қыстаулары Жайық өзенінің бойымен жоғары қарай Орынборға, Красногорск қамалына дейінгі жерлерде орналасып, Елек өзенінің бас жағын шашырай жайлап жүрді, бірқатар рулар Жайықтың оң жағалауына көшіп-қонды.

Әлімұлы тайпасы шөмекей руының 2 200 отбасына жететін үш атасы жазда Елек өзенінің бас жағына, Майдан, Талға шатқалдарының Ор өзенінің сағасына дейінгі жерлерді жайлады. Қыста Красногорск қамалынан Жайық өзенінің бойымен жоғары қарай Верхнеозерный қамалына дейінгі жерлерді, Елек өзенінің бойы мен Бастамақ шатқалын тұрақ етті.

Жетіру тайпасы жағалбайлы руының 7 000 отбасынан тұратын он екі атасы жазда Қемек өзенінің бойын, Қарашатау шоқыларын және Тобыл өзенінің бойын жайлап, Верхнеозерный қамалынан Жайық өзенінің бойы-

мен жоғары қарай Жоғарғы оралға дейінгі жерлерде қыстады.

Жетіру тайпасы рамадан руының 300 отбасына жеттін екі атасы Қіші жүздің басқа руларымен бірге қысқыстап, жаз жайлап жүрді.

Қіші жүз тайпалары руларының 217 атасында 165 700 отбасы, ал барлық үш жүзде — 395 100 отбасы болды (II-в. Д. 23. Л. 13).

Г. Волконскийдің бұл мағлұматтарының ғылым үшін маңызы зор, бірақ оның деректері қазақтардың саны мен олардың Қазақстаниң басқа аймақтарына таралуы жайлы толық мәлімет бермейді. Бұл деректерді Орта жүз қазақтары руларының тараган жері толық баяндалатын «Капитан Андреев жазбаларынан көшірмелер...» (1790 ж.) толықтыра түседі (11-а. Д. 316. Л. 4—9).

Бұл мағлұматтарға қарап XVIII ғасырдың ақырында көшпенілік қазақтар әзірге Ертіс жағалауларынан қылмaghan және казак әскерлерінің иеліктері тек бекініс-қамалдармен және соларға тиесілі жерлермен ғана шектелген деген корытынды жасауға болады. Жайық, Елек бойлары, Горький шебі бойындағы басқа да өзендер алқабында жағдай осы тұрғыда қалыптасты.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫНДА ҘАСАҒАН ҮҚПАЛЫ

Қіші және Орта жүз тайпаларының көвшілігін, сондай-ақ Ұлы жүз тайпаларының бірқатарын өз бодандығына қабылдағаннан кейін патша үкіметінің алдында аса күрделі міндет — жаңа-қосылған өлке жерін басқаруды реттеу және соның негізінде халықтан алым-салық жинау мәселесі тұрды. Бұл жағдайда орыс әкімшілігі, ең алдымен, белгілі бір рудың, тайпаның дәстүрлі мекен еткен жерлерін, ғасырлар-бойы қалыптасқан бір жайылымдықтан екіншісіне ауысатын көші-коныс жолдарын сақтауды, көшпелі қауымның әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне сүйенуді көзdedі. Бірақ патша әкіметі алдымен бекініс тұрғындарының жаңадан орнатқан қоныстарына жер бекітіп беруге үмтүлды.

XVIII ғасырдың скінші жартысында-ақ, 1765 ж. генерал-поручик Шпрингер қамал бастықтарына көшпенілдерді шептерге 5—10 шақырымнан бері жақындағатпауға

кенес берді. Бұл он шақырымдық белдеу шекарасы шамамен 1839 ж., топограф Кокоулин Батыс Сібірдің генерал-губернаторы кнэз Горчаковтың тапсыруымен Ертіс және басқа да өзендердің бойын геодезиялық суретке түсіруді аяқтаған соң анықталды. Дегенмен, XVIII ғасырдың ақырында қазактар тек қамалдар төңірегі болмаса, Ертіс, Жайық және басқа да өзендерден әзірге еркін өтіп жүрді.

Қазак қауымдарының пайдалануындағы он шақырымдық белдеуді толық бөліп алғып, оны орыстарға бекітіп беру үшін Александр I-нің жарлығымен XIX ғасырдың басында шеп бойындағы қамалдарда, бекіністерде, қарауылдар мен қорғаңдарда орналасқан Сібірдің шептік казак әскері мен Орал казак әскері құрылды.

XIX ғасырдың 30-жылдарында Орал казак әскерінде — 77 727 адам, Сібір казак әскерінде — 46 171 адам болды. Оларда тұратын халық саны да жылдан жылға үлғая түсті, мысалға, 1868 ж. Сібір казак әскеріндегі адам саны 135 756 адамға дейін өсті (20. 278 б., 25-кесте), яғни үш есе үлғайды.

Бұл жерде шептік казак әскерлері құрылымдық жағынан тұракты әскерден өзгеше болғандығын есте ұстау керек: тұракты әскер гарнizonдары тек үлкен қалаларға ғана орналасты, ал казактардың негізгі бөлігі ауыл шаруашылық жұмыстарын атқарды (жер жыртты, тұқым септі, астық орды, мал бақты т. б.) да, тек қажет болған жағдайларда, қарулы жанжал, әскери қактығыстарда ғана жасак курды. Сондыктan да казактардың пайдалануына аса көлемді, таңдаулы жерлер тартып әперілді.

Патша үкіметі қазак халқын территориялық басқару үшін Орта жүзде округтер, Кіші жүзде әкімшілік аудандары — қашықтықтар (дистанция, екі қамал арасындағы жерлер) деп аталатын жүйені ойладап тапты.

1818 ж. Орта жүз ханы Уәли дүниe салды, ханның қазасынан кейін патша үкіметі тарихи хандық институтын күні өткен, кемшилік деп тауып, даланы басқарудың жаңа түрін енгізді.

1822 ж. 22 маусымда Сібір губерниялары басқармасы енгізіліп, соған сәйкес Сібір Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінді. Мұның біріншісіне Тобыл және Томск губерниялары мен Омбы облысы жатты. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы мен оның жанындағы Кеңестен құрылған Бас басқармасы Тобольскіде орналасты. Орта жүз қазактары Омбы облысының құрамына қосылып,

осы уақыттан бастап басқа қазақтардан ажырату үшін Сібір қазактары деп аталатын болды.

Омбы облысы ерекше ережелер бойынша белгіленген ішкі (Омбы, Петропавловск, Семей, Өскемен) және сыртқы округтерге бөлінді. Сөйтіп ішкі округтер негізінен Ертістің сол жағалауындағы және Горький бекіністі шебінен солтустік беткейдегі жерлерді, ал сыртқы округтер («Шеп сыртындағы») Ертістің батыс жағындағы және Горький шебінің оңтүстігіндегі жерлерді камтып, казақ даласына тереңдеп енс түсті.

Бұл жаңа басқару жүйесі қазақ жерлерін отаршыларға алдып беру жолындағы жаңа қадам болды және маусымға қарай жайылымдықтарды ауыстырып отырудың көші-коныс жолдарын бұзды, яғни көптеген қазақ қауымдарын Ертіс өзенінің оң жағалауларындағы, Ешім бойының солтустік бөлігіндегі т. б. дәстурлі жазғы жайылымдықтарынан айырды.

Бұл жерде Сібір және кейінірек 1867 ж. құрылған Жетісу казак әскерлерін орналастыру үшін ең тандаулы 5 000 000 десятина егістік және шабындық жерлер орман-тоғайымен қоса тартып алынды.

Сыртқы округтерді құрган ерекше ережелер 1822 ж. 22 шілдеде қабылданып, «Сібір қазактары туралы жарғы» енгізілді. Бұл жарғы бойынша сібір қазактарының жері шептер бойынша құрылған Омбы облысының округтерін құрады.

Округ болыстарға (әр болыста 10—12 ауыл), болыстар — ауылдарға (әр ауылда 50-ден 70-ке дейін шаңырак) бөлінді. Бұл округтер рулас немесе бір үрпактан тарап, қашаннан бірге тұруға әдеттенген болыстардан құрылды. Округтердің өз көші-коныстық жерлері болды және өздерінің округтық сұлтандарының рұксатынсыз өз еріктірімен басқа біреулердің көші-коныстық жерлерін пайдалануға хақылары болмады. Ауылдарды шаңырак иелері 3 жыл мерзімге сайлайтын ауыл аксақалы баскарды, болыстар билігі мұрагерлік жолмен сұлтандардың колында болды. Эр округта болыс сұлтандары өз орталарынан 3 жылға сайлайтын аға сұлтан баскаратын Округтік приказ құрылды. Аға сұлтанның қол астында округтік диуан (кеңес) қызмет етті, оған: облыс бастығы тағайындаитын 2 орыс шенеунің және билер мен аксақалдар 2 жылға сайлайтын 2 құрметті казақ енгізілді.

Сібір қазактары туралы жарғы каншалықты шектеу-лі болғанымен, қазақ қауымының даму жолында айтар-

лықтай нігі қызмет атқарды. Округтар құру жекелеген көшпенді қауымдардың жерлерін айқын белгілеп берді, рулық және феодалдық алауыздықтардың тыйылуына мүмкіндік тұғызы. Ру басшылары мен сұлтандардың сайланып қойылуы, ол қажетті дәрежеде жетілген болмаса да, жариялышықта әжептәуір жол ашты. Және ең маңыздысы, Жарғы ережелеріне сәйкес егіншілікке көшкен шаруашылықтар бірқатар артықшылықтар алды: оларға мұрагерлік хұқы бар козгалмайтын меншікке қажетті жер бөлініп берілді, олар ауыл шаруашылық құралдарымен жабдықталды, ал жинаған астығына салық салынбайтын болды т. б.

Жарғыны жүзеге асыру үшін 1824 жылдың көктемінде даланың ішкі жағына, жазғы жайылымдықтарға көше коймаған қазақ руларының арасына шенеуніктер жіберілді. Тап сол жылы екі округ: Қарқаралы және Қекшетау округтері ашылды.

Орталығы Қарқаралы шаткалында орналасқан (қазіргі Қарқаралы қ-сы) Қарқараңы сыртқы округіне ашылған сәтте 14 болыс енгізілді, оларда 20 000 шаңырақ немесе 60 000 ер азамат болды. Кейінірек оған тағы да төрт болыс қосылды. Халықтың табиғи есімі және округке жаңа қауымдардың қосылуына сәйкес болыстар саны бұдан кейінгі жылдарда да ұлғая түсті және мұндағы өзгеріс басқа округтерге де тән.

1841 жылғы мағлұматтарға қарағанда Қарқаралы округін негізінен, оның шақшак, қарауыл, қамбар, дадан, тобықты, таракты, шаншар рулары мен дүйсембай, көшім, батай, қарсен, қарпық, коянши, тоғай, мәмбет, күшік сияқты аталары мекендеген.

Қарқаралы округіндегі арғындардың 136 ауылында (15023 шаңыракта) 101251 адам болды.

Осындай калың арғынның ортасында керей тайпасының 4960 адамы бар 10 ауылдан (1143 шаңырак) тұратын бір болысы мен 359 адамы бар уақ тайпасының 52 шаңырағы бірге көшіп жүрді.

Қарқаралы округінің қазақтары жазда Кіші және Үлкен Нұра, Шідерті, Талды, Өлеңті, Ащысу т. б. өзендер төңіректерін, Батағор, Ерейментау бектерлерін, Баянауыл тауының оқтустік бектерлерін жайлады. Олар Қазанғап, Тұндік өзендерінін бойындағы қаптаған шатқалдарды, Балқаштың солтустік жағалауларын, Қарқаралы тауларын т. б. қыстады.

Көшпелі Қарқаралы округінің шекаралары қазіргі Қарқаралы ауданының шекараларына сай келді.

1824 ж. ашылған Қекшетау округі алғашында 41 450 адамы бар 13 810 шаңыракты біріктіретін 17 болыстан құрылды. Округ жерлерінде арғын, керей, қыпшак және уақ тайпаларының қауымдары көшіп-қонып жүрді. Округтегі 17 болыстың 9-ы арғындар, оның ішінде атығай руының (майлы, балта, бағыш, құдайберді аталары) 6 болысы және қарауыл руының (атқы, жауыр аталары) үш болысы болды. 6 болысын керей тайпасы (құрсары, дуадақ, балта, нанбақты, ұманалы, самай рулары) күрап, оларға енетін 4 995 шаңырақта 14 880 адам өмір сүрді. Екі қыпшақ болысында (құлатай және қүрлеугі рулары) 1 450 шаңырақ (4 350 адам), ал екі уақ болысында 1 660 шаңырақ немесе 5 085 адам болды.

Бұл жерде мынадай бір қызықты фактіні атап өткен жөн: қазак қауымдарының арасында Алатаудың оңтүстік бөктерлерінен осыншама қашықтағы солтүстікке келген 885 қырғыз (295 шаңырақ) өмір сүрді. Қазактар бағзы заманнан бері ыстық ықылас, шын пейілдерімен қаылдайтын болғандықтан, олар тез сіңіспіп, бейқам, бейбіт тұрып жатты.

Қекшетау округінің қазактары Қешубай, Шалкар, Қалибек, Алабота, Шортық, Зеренді көлдерінің маңын, Қекшетау бөктерлерін, Қылшықты, Аққанбұлак, Жалау т. б. өзендерінің бойларын жайлады. Округ жері шамамен қазіргі Қекшетау облысының жеріне сай келді.

Бұдан кейін басқа округтер күрыла бастады. 1831 ж.— Аягөз, 1832 ж.— Ақмола, 1833 ж.— Үшбұлақ және Баянауыл, 1834 ж.— Аманқарағай, 1844 ж.— Қекпекті округтері үйымдастырылды.

1851 жылғы мағлұматтар бойынша сыртқы округтерде 340 447 адамы бар 962 ауылды (90 599 шаңырақ) біріктіретін 98 болыс болды.

Аягөз сыртқы округі мынадай жерлерді қамтыды: оңтүстікте — Тарбағатай мен Сауыр жоталары; оңтүстікбатыста — Лепсі өзені мен Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы; солтүстікте — Шыңғыс тауының оңтүстік-шығыс тармақтары мен одан әрі Зайсан қазаншұңқырының оңтүстік бөліктері; шығыста — Сауыр жоталары мен Кендірлік өзенінің алқабы; батыста — Шыңғыс тауларынан бастап Аягөз өзенінің бойымен Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағалауларына дейін. Округтің жоғарыда аталған шекараларын, сол сияқты басқа да округтердің шептерін біз қазақ қауымдарының жаз жайлалау, қыс қыстаулары көрсетілген архив деректеріне сай анықтадык.

Аягөз округінде 18 болыс найман, алты болыс керей және екі болыс уақ тайпасы болды, Наймандардан: матаі, қыршын, мұрын, қыржы, семіз найман, садыр, тума, бұланшы, қаптаған т. б. рулары мен ортақ бір Қараке-рейден тарайтын қауымдары жайлады.

Керейлерден сыйбан, ақымбет, әжі рулары, ал уақ тайпасынан — сарыман және шоға рулары енді.

Округ қазактары Аягөз, Шар, Кызылсу, Бөрлі, Нарын өзендерінің бойын, Ертістің оң және сол жағалау-ларын, Қалба тауларын, Үржар, Бекен, Шігелен өзенде-рінің бойын, Долон, Сандықтау, Тарбағатай тауларын т. б. жайлады. Қыста Аягөз, Жалаңаш, Қайракты, Қекпекті т. б. өзендердің бойын, Берке, Қызылтәбе, Тарбағатай, Қекпекті, Қарамал тауларын, яғни жогарыда аталған округтер шекараларын қоныс етті.

Аягөз округінде барлығы 63 376 адам болды.

Ақмола сыртқы округі шамамен мына координаттагы Солтүстік ендіктің 50°-ынан (Терісақкан өзенінің бойы — Корғалжын көлі — Нұра өзені) солтүстік ендіктің 52°-ына дейінгі (Ешімнің оң жағалауы) және шығыс бойлықтың 35°-ынан (Обаған өзені — Торғайдың бас жағы) шығыс бойлықтың 44°-ы бойлығына дейінгі (Ерейментау бектерлері — Шідерті өзені) жерлерді камтыды.

Округті арғын (қарауыл, қанжығалы, куандық, таракты рулары), керей (құрсары руы) және қыпшак (кулан, сақал, айтқұл, колоба рулары) тайпалары мекен-деді.

Арғын руларының 10 болысында 2665 шаңырактан тұратын 53 ауыл болды. Керей тайпасының 7 болысы 10 307 адамы бар 45 ауылдан (2 930 шаңырактан) тұрды. Қыпшактардың 6 болысында 2 380 шаңырактан тұратын 40 ауылы болды. 1656 адамы бар 379 шаңырактан тұратын тікелей сұлтандарға бағынатын (қызмет көрсететін ауылдар) 7 ауыл қыпшактармен бірге көшіп-қонып жүрді. Ақмола округінде барлығы 67 081 адам өмір сүрді.

Ақмола қазактарының қыскы қоныстары Алатау, Ортау, Алабас тауларында, Қіші Нұра, Атасу, Манақ т. б. өзендерде, шатқалдарда, дала көлдерінің тоңірегінде болды. Жазда Ешім, Қекпекті, Өлеңті, Шідерті т. б. өзендердің бойын, Майбалық, Талдықөл көлдерін, Шортанды, Нұра т. б. өзендердің алқаптарын жайлады.

Үшбұлак сыртқы округі Ақмола округінің солтүстік-шығыс аймақтарымен шектесіп жатты. Оның шекаралары Қекшетаудың онтүстік-шығыс қапталынан басталып, солтүстік-шығысы мен солтүстігінде Теке, Үлкен Қарой

көлдеріне, оңтүстігінде Сілеті көлін қамтып Ертіске дейін жетті. Мұнда, керей және арғын тайпаларының ауылдары қөшіп жүрді. Олардың 2 507 шаңырақтан тұратын 46 ауылшы керейлер (құрсары руы мен оның бектібай, малай, дуадақ, төбет, есенбақты, бурас, құрман, жәбеке аталары) құрады. Ал арғындардан негізінен екі ру ел: 3142 шаңырақтан тұратын 62 ауыл қанжығалылар мен қарауылдар мекендеді. Қыс қыстаулары Ерейментаудағы: Ақкүм, Қандыкөл, Шат, Қопа, Қойтас т. б. шатқалдарында болып, жазда Үлкен Қарой, Қете, Сілеті теңіз көлдерін т. б. жерлерді жайлады. Ушбулақ округінде барлығы 54 344 адам өмір сүрді.

Баянауыл сыртқы округі Ақмола округінің шығыс шекараларынан басталып, Ертіске дейін, осы өзеннің сол жағалауларын, шамамен Семей қамалынан солтүстікте Ямышевск қамалына дейінгі жерлерін қамтыды. Округті жалпы саны 65 465 адамды біріктіретін 122 ауылдан (6 955 шаңырак) тұратын арғын, найман, керей және уақ тайпаларының рулары мекендеді. Арғындардан мұнда тобықты (жуантаяқ, мұсабай және көкше аталары), бәсентиін рулары енді. Наймандардан сарыжомарт (дарбеке, алушы, сырдақ аталары), қаракерей (көрке, қызылым, барлыбай аталары), матаі (кенже атасы) және терістанбалы рулары коныстанды.

Баянауыл қазақтарының қысқы қоныстары Қызылтау, Жасыбай тауларында, Базарқұл, Ушбулақ, Сарышоқы, Далуантөбе шатқалдарында, Ертістің сол жағалауында болды. Жазда Ашысу өзенінің бойын, Итемген, Мамай көлдерін және округтің жоғарыда көрсетілген шекарасын жайлады.

Осы округ мысалдарынан қазақтардың дәстүрлі жаһылымдықтарын тартып алудың қаншалықты кесел келтіргенін айқын байқауға болады. Мысалға, Семеке Бәсентиін болысының 19 ауылы (1001 шаңырак) округ көлемінде өздеріне бекітілген жаһылымдықтардың тапшылығы себепті Томск губерниясының Бийск және Барнаул округтеріне көшіп барып, жалға алған жаһылымдық үшін қыруар қаржы төлеуге мәжбүр болды.

384 шаңырақтан тұратын Баянауыл уақтары (ерге-некті уақ руы) да Тобыл губерниясының Омбы округі мен Томск губерниясының Бийск округіне көшті.

Қазақтардың Ертістің оң жағалауына шығуна тыйым салынуына қарамастан осы арқылы өздеріне қарасты қөшпелі шаруашылықты әлсіретіп отырғанын түсінген орыс әкімшілігі бұл саясаттарын жұмсартып, «азадап же-

нілдік жасады». Мұны мынадай мысалдармен дәлелдеуғе болады. Ертістің он жағалауларынан Семейдің солтүстік бағытында жатқан ұлан-байтақ жерлерді казактар Белағаш даласы, ал шығыс жағын — Жалқарағай орманды алқабы, орыстар Шульба тоғайы немесе «еркін дала» деп атады.

XVIII ғасырдың ақырында жоңғарларды күп шыққаннан кейін Жалқарағай қазактардың Ертістің сол жағалауларындағы табындарын жаятын жазғы жайылымығына, ал берірек келе қысқы тұрағына айналды. Мұнда ең алдымен уақ тайпасының қауымдары келіп қоныстанды да, Семей ішкі округі үйімдастырылған кезде бір болыс солардың атаумен аталды (Байуак). Мұнда бірте-бірте басқа тайпалардың рулары да көшіп келе бастады да, көп ұзамай Белагаш жөнс Жалқарағай («еркін дала») Белағаш болысы болып бірікті. Бұл болыстағы 1 444 шаңырактың 215-і наймандар, 184-і уақтар, 195-і керейлер, 79-ы тарактышар, 351-і тобықтылар, 170-і қаракесектер (соңғы үш руарғын тайпасына жатады) және 50 шаңырағы әр түрлі рулар болатын.

Бұл жерде атап өтетін ерекше жағдай орыс әкімдерінің сөздеріне қарағанда, қазактар отырықшылыққа ауысып, «нағыз егінші» болып алған. Қазақстанға келіп қоныстанған орыс халқының қазактарға жасаған иғі ықпалының бірі осы.

Кейін Құсмұрын болып аталған Аманқарағай сыртқы округі Обаған мен Ешім өзендерінің аралығындағы, оңтүстікте — Торғай өзенінің бас жағын, солтүстікте — Сібір казак әскерінің пайдасына тартып әперілген жерлерді қамтыды.

Округ жерінде: 62 ауылдан тұратын (3 192 шаңырак) керей (сыбан, балта, көшебе, иманәлі, самай, матақай рулары), 1 773 шаңыракты біріктіретін арғын, 123 шаңырактан тұратын қышшак, 1 957 шаңыракты біріктіретін 32 ауылдан тұратын уақ (баржаксы, бидалы, жансары рулары) тайпалары мекендеді.

Бұл округ қазактары Ешім, Обаған өзендерінің жағалауларын қыстап, жазда шештің жаксы жиһіллімдыштары бар жерлеріне көшті.

Көкпекті сыртқы округі 12 болыстан құрылышп, негізінен наймандар (бура, сарыжомарт, кекжарлы, төрістаңбалы және матай рулары) мекендеді. Оларда 63 580 адамы бар 8 022 шаңыракты біріктіретін 1 986 ауыл болды. Округте бұлармен қатар уақ тайпасының 170 шаңырағы көшіп-қонып жүрді. Округтің шекаралары: Семей

қаласынан бастап Ертістің бойымен жоғары қарай Зайсан көліне дейін және батыста Баянауыл округінің шекараларына дейін, ал онтүстікте Аяғөз округінің шекараларына дейін жетті. Округ қазақтары Қызылсу, Шар, Үрімші, Былқылдақ, Толғұты, Ұлансу, Томаршы т. б. өзендердің жағалауларын, Құлыртөбе, Жуантөбе тауларын кыстады. Жазда Аблакет, Себин, Былқылдақ, Жалаңсу т. б. өзендерінің алқаптарындағы жайылым-дықтарға қошті.

Петропавл және Омбы ішкі округтерінің жерлерінде керейлер, арғындар, қыпшақтар мен уактар көшіп-конып жүрді.

Кіші жүз казақтары Орынбор қазақтары облысының құрамына енді. Бұл облыс 1825 ж. үш бөлікке: Шығыс, Орта және Батыс бөлікке бөлінді. Шығыс бөліктің шекаралары мынадай болды: Шығыста — Звериноголовск станицасынан (Сібір шебінде, Обаган өзенінен сәл шығыска карай) онтүстікте Шу өзеніне дейін; онтүстікте ол Сырдария бойымен, батыста Үй, Үлкен Қобда, Ойыл өзендерінің бойын, Шалқар көлінен Сырдариядағы 2-бекініске дейінгі жерлерді қамтыды.

Орта бөліктің шекарасы: шығыста — Шығыс бөліктің шекарасымен шектесіп, батыста — Үлкен Қобда сағасының батыс бөлігі, Ойыл және Жем өзендерінен Арал теңізіне дейінгі, онтүстікте — Арал теңізінен Сырдарията дейінгі, солтүстікте — Үлкен Қобданың сағасынан — Елек және Бердянка өзендерінің бойы — Жаманқала — Степная станицасына дейінгі аймақты қамтыды.

Батыс бөліктің шекарасы: шығыста — Орта бөліктің аймағына, солтүстікте — Елек және Жайық өзендерінен Орал қаласына, батыста — Жайық өзені — Гурьев — Каспий теңізі, онтүстікте — Үстірт жазығына дейін жетті.

Екі қамал аралығындағы жерлер дистанциялар деп аталып, Орынбор қазақтары облысының құрамына енетін территориялық бірлікті құрады. Бір дистанцияда орта есеппен 2000-ға дейін шаруашылық болды. Дистанциялар 1831 жылдан 1858 ж. аралығында ашила бастады, үш бөлікте (Шығыс, Орта және Батыс) 57 дистанция ашылды.

Орынбор қазақтары облысының батыс бөлігін негізінен байұлы тайпасының: адай, алшын, байбакты, тана, қызылғұрт, масқар, исық, шеркеш, есентемір, беріш, таздар, жаппас рулары, сондай-ақ жетіру тайпасының та-

ма, табын, кердері рулары және әлімұлы тайпасының кете руы жайлады.

Бұл облыстың Орта бөлігін негізінен әлімұлы тайпасының: шекті, шөмекей және кете рулары қоныстанды. Басқа тайпалардан: тама және жағалбайлы рулары болды.

Бұл облыстың Шығыс бөлігін әлімұлы тайпасының шекті және байұлы тайпасының жаппас, алтын рулары мекендейді; Орта жүз қазақтарының да едәуір бөлігі, оның арғын, қыпшак, керей және уақ тайпалары осы облыс құрамына енді. Орынбор қазақтары облысына 1840—1841-жылдарда барлығы 500 000 еркегі бар 120 081 шаңырақ, ал 1864 ж.— 828 363 еркегі бар 175 678 шаңырақ қарады (20. 256-б., 4-кесте).

Аяғөз округін ашқаппан кейіп (1831 ж.) орыс әскерлерінің Жетісуға, Ұлы жүз қазақтарының жеріне баратын жолы ашылды. Сол уақыт деңгейінде қару-жақарқопп жақсы жасақтанған орыс әскерлері қөшпенді қазақтар тарапынан ешқандай қарсылық қөрген жок, қауымдар орыстар өтетін жолдардан қашығырақ жерлерге көшіп кетіп отырды, орыстар да ешқандай зорлық-зомбылық жасаған жок, қысқасы ол уақытта айта қаларлықтай шиеленіс байқалмады.

1847 ж. орыстар Қапал бекінісінің іргесін қалады, 1855 ж. Лепсі, Үржар және Алматы (келесі жылы Верный деп аталған) станицалары құрылды, ал одан кейінгі жылдары шағын елді мекендер (Іле, Қөксу т. б.) пайда болды, бұлар кейінірек ірі станицаларға — патша үкіметінің шығыстағы тірегіне айналды. 1867 ж. 15 000 адамы бар Жетісу казак әскері құрылды. Қазақтар саны жыл сайын все түсті, 1908 ж. олардың қатары 34 468 адамға жетіп, 610 484 десятина жерге иелік етті. Бұған қайта қоныстанушылар пайдасына тартып алынған жерлерді де косу керек, бұл туралы төменде жеке әңгіме қозғаймыз.

Жаңадан тартып алынған жерлерден 1867 ж. Жетісу облысының Алатай және Қапал округтері құрылды.

Жетісуда Шудан онтүстікке қарағ Сырдириниң жоғарғы ағысына дейін Ұлы жүздің: шапырашты (ақым, шібіл, асыл, екей, есқожа, төретүкымы рулары), дулат (батпай, сиқым, шымыр, жаныс рулары), албан (қызылбәрік, сегізсары, коңырбәрік, айт, бозым, құрман, өлжан рулары), суан (тоқарыстан, байтүгей рулары), жалайыр (байшағыр, андас рулары), сарыүйсін, шанышқылы тайпалары жайлады. Олардың рулары Балқаш жағалау-

ларының онтүстігіндегі жеті өзенді, Шу өзенінің бойын қыстал, жазда Алатау бектерлері мен Сырдарияның бас жағына, Келес және Шыршық өзендеріне көшкен.

Қазақстанның барлық аймақтарында мал жайылым-дықтары тапшы болды. Мінс, осы жағдай Бекей хан бастаған казақтардың бір белгін 1801 ж. Жайыктың сол жағалауынан Жайық пен Еділ аралығына өтуге мәжбүр етті. Осы уақыттан бастап байұлы, әлімұлы және жетіру тайпаларынан тұратын қазақтардың бұл белгі Бекей (Ішкі) Ордасы деп аталды. 1802 ж. Ордада 31 105 адамы бар 6 265 шаңырак, ал 1859 ж.— 133 795 адамы бар 26 759 шаңырак болды (20. 125—126-б.).

Көшпенді қауымның жерлерін тартып алу және өкіргүтік приказдарды енгізу казақтар тарарапынан наразылықтар тудырып, Кіші жүзде, әсіресе Орта жүзде бірқатар көтерілістердің шығуына әкеп соктырды.

Қарқаралы және Қекшетау округтерінде Саржан сұltан бастаған халық бұкарасы аяқ астынан көтеріліске шығып, 1824 жылдан 1836-жылдар аралығында патша отаршылдары мен олардың жандайшаптары аға сұltандарға қарсы қурес жүргізді. Ұрысқа шықкан екі жақтың күші тен болмады, сойыл шоқпармен қаруланған қазақ отрядтарының өкілдерімен атылатын мылтықтармен, зенбірекпен жақтаңған тұракты орыс әскеріне қарсы тұруы оңайлыққа соққан жок. Оның үстінен, казақтар шалшаш қимыл да көрсете алмады, өйткені олар өздерімен отбасын көшіріп ала жүрді. Мұның барлығы соғыс қимылдарына кері әсерін тигізді.

Саржан өз жақтастарымен Алатаудың сыртына көшті, көп ұзамай ол Ташкент құшбекіне тәуелді болғысы келмегені үшін соның қолынан сатқындықтың құрбаны болды.

Бұдан анағұрлым күштірек көтеріліс мерте болған Саржанның бауыры, Қенесары Қасымовтың басқаруымен 1837 ж. басталды. Ақмола, Қарқаралы, Аманқарағай, Баянауыл және басқа да округтерден қалың көшпенділер Қенесары сұltанға келіп косылды. Олар әрженістен, көбінесе женілістен соң жаппай, бірде Балқашка, бірде Торғай өзенінің бас жағына көшіп отырды.

Қенесары Қасымовтың жер дауын шешу туралы орыс әкімшілігімен арадағы ұзак жылдарға созылған хат алысуларынан ешқандай нәтиже шықлады. XIX ғасырдың 40-жылдарының ортасына қарай орыс әскерлері мен патша өкіметін жактаған сұltандардың тегеуініне тө-

теп бере алмаған көтерілісшілер тізе бүгүге мәжбүр болды.

Осы көтеріліс пен соғағ байланысты Орта Азия хандықтарының қазақ жеріне енбекші болған әрекеттері қатты қобалжытқан патша әкімшілігі қазақ даласын Сырдария бойындағы шептік жаңа әскери қамалдармен бекітіп тастамақ болды (солтүстікте, батыста және шығыста мұндай әскери шептер түрғызылған болатын). 1847 ж. генерал Обручев кейін Арап деп аталған Райым бекінісінің іргесін қалады. 1852 ж. Қоқан хандығы үстемдік етіп отырған Ақмешіт шабуылмен алынды да, Перовск форты болып өзгертилді. 1864 ж. Түркістан, Әулиеата, Шымкент бағындырылды, сейтіп 1865 ж. жаңадан басып алынған жерлерден Түркістан облысы құрылышп, Орынбор генерал-губернаторлығына бағындырылды. 1867 ж. барлық бағындырылған жерлерден (1847 жылдан бастап) Түркістан генерал-губернаторлыры құрылышп, оның құрамына Сырдария, және Жетісу облыстары енгізілді. Қазақ жерлерін батыс жағынан қорғау үшін генерал Кауфман бастаған отыз мың әскер 1873 ж. Хиуаға бет алды, Хиуа да көп үзамай Ресей қол астына алынды.

Сейтіп Қазақстан жері жан-жағынан бекітілді.

Дала халқын біржолата бағындыруды көздеген патша үкіметі өздеріне тыныштық бермейді деп білген қазақтардың округтер бойынша бөлінуін асықпай, біртебірте жойып, оларды облыстық жерлер жүйесі арқылы тікелей басқаруға көшті. Әсіресе ішкі округтер жерлеріне ерекше қоңіл бөлінді, патша өкіметі Ресейде белгі бере бастаған аграрлық дағдарысты солардың есебінен шешпек болды.

1854 ж. 19 мамырда «Семей облысын басқару туралы Ереже» бекітілді. Оның құрамына: Қекшетау және Аяғөз ішкі округтері, Жетісу өлкесі, қазақтардың Сібір казак әскерінің ішкі жағында иеленіп отырған жерлері (Ертістің оң жағалауы мен Горький шебінің солтүстік бағыты), Семей, Өскемен қалалары, Бұқтарма бекінісі, Қапал станицасы және Іле сырты бекінісі енді.

Семей облысы мынадай округтерге бөлінді: 1) Сібір казак әскерінің ішкі шебінде қазақтар иеленіп отырған жерлер (Ертістің оң жағалауы), Семей, Өскемен қалалары, Бұқтарма бекінісі және Ертіс шебі мен Темір қамалын қоса есептегендеге Кіші-Нарымға дейінгі селолар енгөн Семей ішкі округі; 2) Қекпекті сыртқы округі; 3) Аяғөз сыртқы округі; 4) Қапал әскери округі.

Бір десятина жерге: 5 пүт бидай, 1 пүт тары, 8 пүт сұлы егілді. Астық орагына үй-іші түгел қатынасқан, ал кейде 12 бауға (бір қапшықтың төрттен бір бөлігі) немесе тәулігіне 40 тынға жұмысшы жалдаған. Егер жалдамалы жұмысшы өз атымен келсе, онда оған тәулігіне 1 сом төлеген. Жылдық ақы бір аттың құнынан немесе 20 сомдан аспаған.

Жинаған астықты Зайсан базарына апарып өте арзан бағамен сатқан. 1 сомға 2—3 пүт бидай не 2 қапшық сұлы, не 1 қапшық тары сатылған. Қебіне базарға апармай үйде сатып 1 қапшық бидайды 1—2 қойға айырбастаған. Қектемде тұқымдық бидайдың 1 пүтын 1 сом 50 тынға, тарыны — 50 тыннан, сұлыны — 40 тыннан сатып алған. Эр үйдің астығы әдетте тамыздың ақырынан мамырдың алғашқы күндеріне дейін жеткен.

Калжыр болысының қазактары егіншілікпен қатар шөп шапқан, ал тым кедейлері — Қара Ертіс пен Марқакөлден балық аулап күн көрген. Бірақ олардың шапқан шебі әбден титықтаған малына әрең жететін, сондыктан да қазактар жайылымдық іздел Алтайға, Қытай шептеріне көшіп, 100 бас малға бір бас салық төлеп тұрған.

Қоныстанушылар үшін жер қорын құру жөніндегі отряд жұмысын жүргізуісі Флоров-Багреевтің түсінікте-ме жазбаларынан алғынған қазак шаруашылықтарының бүл нақты сипаттамасы мал шаруашылығының өрісі тарылып, қыспаққа түскенін ғана емес, сонымен қатар қазактар арасында жаңа өрісті құбылыс болып табылатын егін шаруашылығының едәуір дамығанын және орыс әкімшілігінің тұрғын халықтың егіншіліктің дәстүрлі түрлері мен әдістеріне айтартықтай көңіл бөлгенін көрсетеді. И. Завалишиннің есебі бойынша 40 000 шаршы географиялық мильді, яғни Сібірдің үштен бірін және Ресейдің оңтүстік далалық белдігінен екі еседен астам қазак жерлерін басқарудың әр түрлілігі (дистанциялар, облыстар, округтер) оларды Ресейдегі басқару жүйесіне жақын етіп бір ізге түсіруді талап етті..

1868 ж. 21 қазанды «Орынбор және Сібір ведомство-ларының және Орал мен Сібір казак әскерінің қырғыз далаларын басқаруын қайта құру туралы Ереже» енгізіліп, соған сай 4 облыс: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары құрылды.

Жалпыорыстық жүйеге түпкілікті көшу 1891 ж. 25 наурызыда, «Ақмола, Семей, Жетісү, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» күшіне енген соң,

ғана басталды. Бұл «Ереже» бойынша әр облыс уездерге бөлінді. Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының Бас басқармасы Далалық генерал-губернаторына бағынды. Облыстық басқарма соғыс губернаторы мен облыстық басқарушының билігіне берілді.

Облыстардың көшпенді және отырықшы халықтары село тұрғындарының хұқына не болды, яғни бүкіл Ресей шаруаларымен теңестірілді.

Сұлтандар өкіметі таратылды. Әр уездің көшпелі халқы болыстарға, ал болыстар — ауылдарға бөлінді. Шанырақ иелерінің саны болыстарда — екі мың шанырактан, ауылдарда — екі жүзден аспауға тиісті болды.

Сырдария бойында тұратын қазақтар Сырдария облысын құрап, Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды, ал Маңғышлақ түбегіндегі қазақтар осы атаулы уезд құрап, Каспий сырты облысының құрамына енді.

«Ережелерді» енгізуге байланысты рулық құрылымның белгілері — сұлтандар мен басқа да феодалдық аксүйек топтар арқылы басқару жағылды. Енді ауылды халықтың кез келген өкілі (Шыңғыс әuletінен шықпаған) басқара алатын болды, бірақ ол іс жүзінде дәүлеті бар немесе қоғамдық топтардың ең төменгі ортасынан шықса да (ондайлар да бар) феодалдардың өздері қалап койған адамы ғана тағайындалатын еді, тек ол өзін үсынғандардың айтқандарынан шықпауы керек. Облыстық, уездік басқармалардың мүшесі, кенесшісі бұрынғыдай міндетті түрде сұлтандардан емес, солармен қатар қазақтар арасында беделі бар кез келген кісі бола алды (экономикалық, интеллектуалдық жағынан).

Болыстар мен ауылдар рулық белгілеріне қарай емес, «бірлесіп пайдаланатын жерлеріне» қарай құрылды. Жер мемлекет меншігі деп танылып, қоғамдық ігілікке мерзімсіз пайдалану үшін көшпенділер қолында қалдырылды. Егін егіп, шөп шабуға барынша көмек көрсетілді, бұл үшін жекелеген шаруашылықтардың қыс қыстау, жаз жайлауына қолайлы жерлер бөлініп берілді.

Ұлы жүз қазақтары Жетісу облысын жөнс Сырдария облысының Шымкент пен Алматы уездерін; Орта жүз қазақтары — Ақмола және Семей облыстарын, Торғай және Жетісу облыстарының бірқатар аймактарын; Қіші жүз қазақтары — Орал және Торғай облыстарын. Каспий сырты облысының Маңғышлақ уезін, Бөкей ордасын, Сырдария облысының Қазалы және Перовск уездерін күрады.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан Қазақстанды отарлау-

Міне, көрдіңдер ме, қазақтар мен жаңадан келіп жатқан қайта қоныстанушылар арасында жаңажал басталған. Ал сонда жыл сайын, ай сайын қыруар жерлері тартып алынып жатқан қазақтар мұддесі туралы не айтуға болады? Және реесми тыйым салынғаныша карамастан қайта қоныстанушылар Жетісу облысына өз еріктегімен келулерін тоқтатпады. 1908 жылдың қаңтарына қарай мұндағы орыс поселкелерінің саны 155-ке жетті (32 қазак және 123 шаруалар поселкесі). Шаруалар (60 350 адам) 231 250 десятина ең таңдаулы жерлерді иемденді.

Осы тұста Қытаймен шекараны белгілеу мәселе сінен тоқтала кетуіміз керсек. Мәсселе, Жетісу және Зайсан қазақтары бағзы заманшаш бері Шығыс Түркістанды жайлап, ал бірқатар қауымдар бұл жерлерді қыста да мекен еткендіктегі туралы, яғни Синьцзянда тұракты өмір сүріп, қытай сарайына алым-салық төлеп тұрғандығында болып отыр. Егер олар жаңада Қазақстан шептеріне кететін болса, онда жалдаған жайылымдықтар үшін орыс әкімшілігіне салық төледі. Синьцзян шептеріндегі жайылымдықтарды пайдаланған қазак қауымдары осылайша екі жакты салық төлеп отырды. Бұл көшпендейлер тарапынан наразылықтар туғызып, олар Ресей мен Қытай жақтарынан тұратын өзара талаптармен өрши түсті.

1881 жылы Санкт-Петербург келісім шартына қол қойылып Ресей мен Қытайдың шекаралары белгіленген соң өзара күрделі карым-қатынас реттелінді. Бұл келісім шарт бойынша, қазак қауымдары, сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістандағы үлт-азаттық қозғалысына қатынасқандары үшін қытай мандариндері тарапынан туған кекшілдік қыспақтан қорықкан үйғырлар өз қалауларымен Ресей жеріне көшіп келді. Үйғырлардың қайта қоныстануы бұқаралық сипат алды. 1882—1883 жж. Жаркент, Верный және Пішпек уездерінің жерлеріне 50 мыңға тарта адам көшіп келді.

Қапал уезі солтүстікте Оңтүстік Балқаш жағалауларынан оңтүстікте Жоңғар Алатауына дейінгі, батыста Іле өзенінен шығыста Лепсіге жетер-жетпес қашықтықтағы сол жағалауына дейінгі жерлерді қамтыды.

1897 жылғы санас деректеріне қарағанда уезде 127 774 қазак, 2 639 татар және 11 512 орыстар мен україндар өмір сурғен. Алғашқы онжылдықта тұрғындардың саны есе түсіп, қазақтар — 175 999 (уезд тұрғындардың 85,7%-і), орыстар мен україндар — 21 946 (11,9%), басқа үлттар — 4 453 адамға немесе 2,4%-ке жетті.

Уезд қазактары мал шаруашылығын үйлестіре жүрізіп, олар шаруашылықтардың 81,5%-ін қамтыды. Сұармалы егіншілік өріс алды, суды өзендерден арықтар, каналдар, шығыр арқылы жеткізді. Шығыр су көтеретін курделі құрал: үлкен дөңгелекке орнатылған су котарыш астаулар суды өзениншіліп алады да, айналып келіп дөңгелектің екінші жағынан оны каналға құяды, содан соң су арықтар мен атыздар арқылы жыртылған жерге жайылады. Уезде, әсіресе Қаратал өзенінің төменгі ағысы мен Ақкөл егіншіләрі шығырларды көбірек пайдаланды.

Қазактар қыстактық қоныстар мен шабындық жерлерді ерекше бағалады. Қектемгі жайылымдықтар уездің орталық беліктеріндегі, ал жазғы жайлаулары — Жоңғар Алатауы мен Малайсары тауларында болды.

Қайта қоныстанушылар үшін жерді тартып алу казак шаруашылықтары арасында жайылымдықтарды жеке пайдалануға әкеп соктырды, неғұрлым бай адамдар кедейлер мұддесіне нұксан келтірді. 1909 ж. қазак шаруашылықтарының басым көпшілігі (90%-ке дейін) «құралақан отырған, жылқылары жоқ, кедей-кепшіктер екендігін» тіпті патша үкіметі де таңырқай мойындағы.

Қапал уезінің қазактары Ұлы жүздің жалайыр (балғалы, байшегір, сыпатай, қалпе, ақбұйым, мырза, карашапан, арықтыным, күшік, андас, оракты, сиыр рулары), қаңлы (қызыл қаңлы, қапсан қаңлы, бардақ қаңлы рулары) тайпаларынан тұрды. Уездің солтүстік-шығыс белігін buquerqueн қатар найман тайпасының (орта жүз) матай руы мекенdedі.

Верный уезі Қапал уезінің оңтүстік батысына, Іле өзенінен әрі қарай Балқаштың оңтүстік жағасына дейін және Шу тауларының бөктерлеріндегі жерлерге орналасты.

1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша уезде 151 485 казак, 35 500 орыс, 25 701 үйғыр өмір сүрген; buquerque сыртында аздаған басқа үлттар өкілдері де тұрды.

1911 ж. 27 764 шаруашылықтың 21 210-шының (79,34%) егістік жері болды, олардың ішінде сұармалы жер 90,7%-ін құрады.

Уезд жерін Ұлы жүздің шапырашты (аїкым, шібіл, асыл, екей, есқожа, төретүкымы рулары), дулат (ботбағ, сиқым, шымыр, жаныс рулары), ысты (ойық руы), жип-лайыр (байшегір, андас рулары), албан (қызылбөрік, сегізсары рулары), қаңлы және сарыүйсін тайпалары мекенdedі.

сиятина жерге егін екті және ерекше атап көрсететін бір нәрсе — осы егістік жердің 98,5 %-і суармалы болды. Бұл Қазақстаниң барлық уездері бойынша ең жоғарғы көрсеткіш.

Уезд жерін керей және найман тайпалары мекенделі, бұлардың алғашқылары 1 622 шаруашылықты біріктірді, ал халықтың қалған басым көпшілігі наймандар болды:

Керей тайпасының рулары шығыста қытаймен шектесетін бір гана Кендірлік болысина топтасты, олардың солтүстік шекарасы Қаратал және Жеменей өзендерінің бойымен, батыста — Йідене өзенінің бойымен Сауыр жотасына дейін, оңтүстік шекарасы — Сауыр жотасының бойын қамтыды. Тайпаның абақ керей деп аталатын тармағы (жастабан, меркіт, жантекей, ителі, шеруеуш рулары) жоғарыда аталған аймақты қыстап, сол жерлерді жайлады. Уездің басқа жерлерін қаракерей руы (байжігіт, қожамбет, ақ найман, қыржы, мұрын аталары) иемденді. Қаракерейлер қыстаулары Аягөз өзенінен Алтайға дейін, Ақжар, Балтақара, Қалжыр, Ертіс өзендерінің бойында, Зайсан қазаншұңқырында шашырап жатты. Бұл рулар жазда Тарбағатай, Сауыр және Алтай тауларын жайлады.

Өскемен уезінің солтүстік беткейде Зайсанға дейінгі жерлерді қамтыды. Ол 4 322 974 десятина жерге орналасты. Пайдалануға жарайтын жері 3 146 118,5 десятина болды, осы жерден орыс келімсектеріне 597 436,4 десятина, сондай-ак Семей уезінің қарамағына 33 770 десятина жер бөліп берілді. Сөйтіп, 1911 ж. Өскемен уезінің қазактары 254 868 2,1 десятина жерді пайдаланды, мұның 1 546 470,25 десятинасына мал қыстады, ал жалпы пайдаланатын жер 1 001 941,3 десятина болды.

1891 жылғы санақ бойынша уезде 77 763 адам өмір сурғен. 11 болысқа 80 ата (15 823 шаңырак) бағынды. Егер бұлардың қатарынан 146 керейлер, 68 — уактар, 225 — төленгіттер шаруашылықтарын (шаңырактарын) шығарып тастасақ, онда қалғандары найман тайпасы (бура, көкжарлы, қаратай, терістанбалы, матај рулары) болып табылады.

Бұл уезд қазактары Ертіс, Бұқтарма, Бөкен т. б. өзендердің бойын қыстап, жазда да осы өзендердің бойын және уездің таулы аймақтарын жайлады.

Уезде егін шаруашылығы жақсы дамыды, 1908 ж. барлық шаруашылықтың 70 %-і егіншілікпен айналысты. Үш жылдан соң, 1911 ж. бұл көрсеткіш 71,9 %-ке дейін

өсті. 15 607,4 десятина егістік жердің 45,2%-і суармалы егіс болды.

Жер дағдарысының қабындағай түскенін уездің солтүстігінде орналасқан Шыңғыстай болысының мысалынан айқын көруге болады. Оның халқы (1830 шаңырак) 200 жыл бойы Бұқтармаға өзенінің алқаптарындағы жайылымдықтарды пайдаланып, жазда Шабанбай тауын жайлап келді. 1867 ж. бұл таулар мен Бұқтарманың оң жағалауы «кабинеттік» (мемлекеттік) жер пайдасына тартып алынды да, қазактар Бұқтарманың сол жағалауы мен Тарбағатай аралығына ығыстырылды. Қазақтар көп ұзамай бұл жерлерден де құшлып, Бұқтармада орыс селоларының іргесі қалана бастады (Китоңқарагай, Солдатово т. б.). Жайылымдық іздеген қазақтар Бийск округіне көшіп барып, жыл сайын 2 000 сом акша төлсп, Змейногорск уезінен жер жалдады. Бір кездे өздерінің жайылымдықтары болған Шопаш тауларын жалдағандары үшін 3—4 ай ішінде 1000 әртүрлі акы төледі. Қыскы уақыттарда селолар маңындағы жерлерді жалдағаны үшін 2000 сом, Укоп, Қалғаты, Жазайтыр шатқалдарын, сондай-ақ өздерінің бүрінғы иеліктерін жалдағаны үшін 3000 сом акы төледі. Шыңғыстай болысы бір жыл ішінде жалдаған жер үшін 10 000 сом, жерден алынған өнім салығын қосып есептегендеге барлығы 25 000 сом акы төледі.

Қарқаралы уезі облыстың батыс бөлігіне орналасып, Шыңғыс тауларының батыс бөктерлерінен әрі қарай, Мойынты өзені мен Ақадыр шептеріне дейінгі, онтүстіктегі — Балқаштан әрі қарай, солтүстікте Баянауыл тауларына дейінгі ұлан-байтақ жерлерді алып жатты.

1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша уезде 104 569 қазақ өмір сурді. 181 ата 30 528 шаруашылықты біріктірді.

Уезде егін шаруашылығы оннің дамыған жок. 19 015 шаруашылықтың 2 756-сы, яғни жалпы халықтың 14,5%-і ғана егін екти. Егіншіліктің бұлайша тым әлсіз дамуына басты себеп — егін егуге жарамды жердің тапшылығы, өзендердің аздығы еді, ал суғарылмайтын егіншіліктен ештеме шықпайтыны белгілі.

Қарқаралы қазақтарын мысалға келтіре отырып, көғамның әлеуметтік жіктелу барысын және егін шаруашылығымен мейлінше көбірек айналысқан топтарды анықтауға болады. Коллегия асессоры Левицкий өзінің Семей облыстық басқармасына түсірген мәлімдемесінде былай деп хабарлайды (1883 ж.):

егістік жері болса, 1900 ж. 10 665 шаруашылық немесе олардың жалпы санының 49,5%-і егіншілікпен айналысты.

Павлодар уезі шығысында және солтүстік-шығысында Томск губерниясымен, батыста — Ақмола облысымен, оңтүстік-шығыста — Семей уезімен, оңтүстікте — Қарқаралымен шектесті. Жер көлемі 103 788 шаршы шақырым болды. Егер бұдан «кабинеттік» жерлерді, қайта қоныстанушыларға әперілген аймактарды шығарып тастасақ, онда қазактар иелігінде 9 147 425 десятина жер қалады. 1893 жылғы санақ мәліметтері бойынша уезде 114 145 түрғыны бар 21 877 шаруашылықты біріктіретін 144 аталақ болған.

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында шаруашылықтар саны 13,5 мыңнан астам есті. Мұның себебі не? 1891 ж. далалық облыстарды басқару туралы занды енгізгеннен кейін орыс әкімшілігі әр облыстағы, уездегі қазақ шаруашылықтары анықтауды талап етті. Павлодар уезі Томск губерниясымен шекаралас болып, оның көптеген шаруашылықтары осы губернияның жеріне, әсіресе, 1880 ж. 22 қарашада Министрлер комитеті бекіткен ережеге сай көші-қоныска рұқсат етілген Құлынды даласына жиі көшіп барып жүрді. Шамасы, Павлодар уезінде халық санының күрт есуі табиғи құбылыс қана емес, сонымен қатар бұрын Томск және Тобыл губернияларының жерлеріне көшіп барған қазақ шаруашылықтарының көрі қайтарылуынан да болса керек.

Уезд жеріндегі тайпалардың сандық қатынасы ХХ ғасырдың басында мынадай болды: арғындар — 27 327 шаруашылық, қыпшақтар — 2 962, наймандар — 1 982, уақтар — 1 399, керейлер — 376 және төленгіттер тобы 1 352 шаруашылық. Арғындар негізінен Ертістік солтүстік жағалауындағы бөлігін, Баянауыл тауларына дейінгі жерлерді; керейлер мен наймандар — Ертістің сол жағалауындағы қамалдың қарсы бетін; уақтар — Ертістен шығыска қарай және уездің солтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлерді иемденді.

Ертіс бойындағы 10 шақырымдық белдікті және қоныстанушыларға қажетті жерлерді тартып алудың салдарынан қазактар өздерінің жазғы жайылымдықтарына қыстауға мәжбүр болды.

1858 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфортың нұсқауы бойынша 10 шақырымдық белдік аймағында тұратын қазактар өз қыстауларында қалдырылып, әскерлерге төлейтін салықтан босатылды, бірақ олардың

жаңадан қыстактар түрғызына тыйым салынды. Бұл «қырғыздардың белдікten қалайда өз беттерімен кетуін» қамтамасыз ету үшін жасалды. Міне, осылайша патша әкімшілігі қазактарды өз жерлерінен ығыстырып шығарды.

Қайта қоныстандыру саясатының алғашқы кезеңінде (1871—1896 жж.) Семей облысына Ресейден 3400 шаруа, ал 1897—1916-жылдар аралығында 130 100 адам, барлығын қосқанда 133 500 адам көшіп келді. Егер қазактардың Семей облысындағы сыйбағалы салмағы XIX ғасырдың 30-жылдарында 100%-ке тең болса, ал кейінгі жылдары бұл көрсеткіш кемі түсті: 50-жылдары 85,82%-ке, ал 1917 жылы 67,39%-ке төмөндеді.

Қазіргі уақытта кейбір замандастарымыз белгілі бір облыста орыс түрғындарының көпшілік скендігін тілге тиек еткілере келеді, бірақ ондайлар жиселеген аймақтардағы демографиялық олқылықтар мен қазактардың азшылық болып қалуының түпкі тамырын, оның зиянды себептерін түсінгілере келмейді.

Біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазактар өздерінің ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атамекендерінде өмір сүріп келеді. Ал бұл халыққа территориялық талаптар кою әдепсіздік болып табылады.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Ақмола облысы Орталық және Солтүстік Қазақстан-ның кең-байтақ жерлерін алып жатты, ол солтүстікте Тобыл губерниясымен, батыста — Торғай облысымен, оңтүстікте — Сырдария және шығыста — Семей облысымен шектесті. Облыс әкімшілік жағынан 5 уезге: Ақмола, Атбасар, Қекшетау, Петропавл және Омбы уездеріне бөлінді.

Ақмола облысы қазіргі әкімшілік бөлінісі бойынша Қекшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Жезказған облыстарының жерлеріне сай келеді.

XIX ғасырдың 70—90-жылдарында Ақмола облысында 375 370 адам өмір сүрді, олардың 273 460-ы қазактар. Осы кезеңдегі облыс уездеріндегі қазактардың проценттік қатынасы көніл аударарлықтай: Омбы уезінде олар 43,45%, Петропавлда — 58,85%, Қекшетауда — 75,51%, Ақмолада — 93,28% болды. Осыдан көріп отырғанымыздай қазактардың проценттік қатынасы облыста жерлері бәрінен бұрын тартып алынған (казак әскерлері мен

қоныстанушылар үшін) солтүстік уездерінің өзінде (Омбы, Петропавл) әлі де әжептәуір көп. Ал оңтүстік жақтағы уездерде, әсіресе Ақмолада олар басым көпшілік.

Ақмола облысы Қазақстан мен Қырғызстанға баса-көктей үмтүлған қоныстанушылардың жартысынан астамын (56,2%) қабылдады. Бұл облыстаға емес, бүкіл Қазақстанда демографиялық жарылыс болды. Қайта қоныстанушылар басқалардан гөрі Ақмола және Қекшетау уездеріне көбірек келді де, Атбасарға азырақ қоныстанды. Барлық қайта қоныстанушылардың 80%-і 1900—1910-жылдар аралығында келді. Егер 1871—1896-жылдар аралығында облыста 119 100 қайта қоныстанушы болса, 1897 жылдан 1916 жылға дейінгі аралықта 731 500 адам көшіп келді, сөйтіл облыстағы халықтың саны барлығы 850 600 адамға жетті. Мұндай толассыз тасқынды орыс өкіметінің өзі де тоқтатуға тырысты.

«Іс жүзінде,— деп жазды сол кездегі автор,— қоныстанушылардың өз беттерімен қыргыз (қазақ — М. М.) даласына — «Ешімге», бүкіл Ақмола облысындағы ең шұрайлы жерлерімен атағы шықкан аймаққа қаптап келуін тоқтату мүмкін емес еді. Бұл жерлер: егіншілікке қолайлы, жайқалған шабындық, орманы да жеткілікті, көлдерінде балығы ойнап, құсы шулаған өнір болатын» (56. 158-б.).

Осының салдарынан Ақмола облысында халықтың табиғи өсу көрсеткіштері, бұл жерде Қазақстанның барлық облыстарына қарағанда тұрғындардың табиғи өсімі әлдеқайда жогары болуына (әрбір мын адамға 17,1%) қарамастан, халықтың табиғи қозғалысынан 2,2 есе аз болды.

Ақмола облысында қайта қоныстанушылардың сыйбағалы салмағы да өсе түсті. 1915—1917-жылдары оның халқының 27,1%-і орыстар, 29,5%-і україндар болды.

Солтүстік және Орталық Қазақстандағы демографиялық жарылыспен қазақтардың азайып қалуының түп тамыры, міне қайда жатыр!

1915 жылғы мәліметтер бойынша Ақмола облысында 592 332 немесе 37,4% қазақ, 425 474 немесе 26,8% орыс, 443 113 немесе 28,5% україн болған. Облыста барлығы 1 579 656 адам өмір сүрген.

Ақмола уезі солтүстіктегі Қекшетау уезінің шекараларынан оңтүстіктегі Шу өзеніне дейінгі ұлан-байтақ жерлерді қамтыды. Ол батысында Атбасар уезімен, шығысында—Семей облысымен шектесті. Мұнда 139 785 қазақ өмір сүрді. Шаруашылықтарының 77,5%-і егіншілік-

пен айналысты. Ешім мен оның салалары бойынан (Қолутон, Дамса), Нұра және Сленті өзендерінің бойынан шөп шабу өріс алды. Бір жыл ішінде 16 357 шаруашылық 18 млн. пүттан астам шөп шауып, соның нәтижесінде әр шаруашылықта 1 105 пүт шөп әзірленген.

Уездің 20 болысы арғын тайпасы қуандық руының (алтай, қарпық, борышы, темеш рулары) шаруашылықтарын біріктірді. Уезде 25 870 шаруашылықты қамтитын 132 ауыл болды.

Алтай руы негізінен қыстық, жаздық, күздік және көктемгі жайылымдықтары бар Сарысу өзенінің төңірегіне орналасты. Олардан солтүстікке қарай Ақмола аудандарына дейінгі жерді қарпық руы иемденді. Олардың шығыс жағын Теніз көлі ауданы мен Ешім бойындағы жерлерді борышы және темеш рулары жайлады. Олардан солтүстікке қарай уездің шығыс бөлігін арғын тайпасының қарауыл руы, ал Сленті өзенінің бойына сол тайпаның қанжығалы руы орналасты. Уездің Солтүстік бөлігін керей тайпасының құрсары руы, ал Ақмоладан батыска қарай Ешім бойын қыпшақ тайпасының қауымдары иемденді.

Атбасар уезі де солтүстікten оңтүстік бағытқа қарай созылып, Қекшетау уезінің шекараларынан Шу өзенінің төменгі сағасына дейінгі жерлерді қамтыды. Ол шығысъында Ақмола уезімен, батысында — Торғай облысымен шектесті. XIX ғасырдың ақырына қарай уезде 12 596 шаруашылықты қамтитын 9 болыс (55 әкімшілік ауыл) болды.

Уездің солтүстік бөлігінің ауа райы неғұрлым қолайлы болды, шұрайлы жайылымдықтар мен Ешім бойындағы шабындық жерлер осы уезд иелігіне жатты. Мұның есесіне оңтүстік бөлігінде су тапшы болды, құрғакшылық жайлап, жайылымдықтары тым жұтандық жасады, егістікке жарамды жерлері де жетімсіз болды. Жоғарыда көрсетілген уезд шаруашылықтарының 31,3%-і егіншілікпен айналысты және олардың басым көпшілігі уездің солтүстік бөлігіне орналасты.

Уездің солтүстік бөлігін, Каракеңгір өзенінің бас жағынан Қекшетау уезінің шекарасына дейін арғындардың мына рулары мекендеді: қуандық шығыс бөлігіне, сүйіндік — батыс, қарауыл — солтүстік және тарақты — Ешімнің бойымен қарауылдар иелігінің оңтүстік жағына жайғасты. Уездің солтүстік-батыс бөлігін найман тайпасының балталы және бағаналы рулары иемденді.

Бірак бағаналы руының көшпелі қауымдары көбіне 40° солтүстік ендіктен оңтүстікке қарай, яғни уездің оңтүстік бөлігін жайлады, олар бұл жерлерге өте шиелесінек жағдайда орналасты.

Далалык генерал-губернаторы Түркістан генерал-губернаторына 1893 ж. 13 қарашада жолдаған хатында былай деп хабарлады: Сырдария қазактарының өтініштеріне орай Ақмола облысының бағаналы рулары оларға жазғы жайылымдықтарын берген. Дегенмен, Атбасар уезінің бастығы Шу болысының қазактары өздеріне бөлінген жерлерді емес, бағаналылықтардың қыстактарына орналасып алғандықтарын анықтайды. «Бағаналылықтар қырғыз даласының орта бөлігіне орналасқан қырғыздардың (қазақтардың — М. М.) адамы көп найман үрпактарының бір атасы болып табылады. Қырғыздар орыс өктемдігіне сез жүзінде бағынышты болған кезеңде наймандар қашанда Ресей жағын қолдан, далаңың оңтүстік бөлігі мен Сырдария жағалауларын иемденіп, өздерінің осы өзен жағасынан қолайлы қыстактар алуына жол бермеген қырғыздар аталарымен дүшпандық катынаста болды». XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап бүкіл солтүстік бағыттағы жерлерге өз ықпалдарын жүргізбек болған қоқандықтар Сырдария бойындағы барлық шепті қолдарында үстады. Ташкенттің Беклербері бастаған қыпшактардан, қоңыраттар мен тамалардан тұратын 12 мың әскері осы жылдары жорыққа шығып, соның нәтижесінде наймандар, арғындар мен уактар Сырдария жағалауларынан солтүстікке қарай ығысты.

Кенесары Қасымов көтерілісі женіліске ұшырағаннан кейін Орта жүздің солтүстік қазактары, солардың ішінде наймандар да оңтүстік пен шығыска қарай жылжы бастады; наймандардан бағаналы атасы бөлініп шығып, Кенесары бүлігін басу кезінде Сібір отрядтары түте-түтесін шығарған Ұлытау мен Қішітау далалаларындағы шатқалдарды иемденді. 1859 жылға дейін бағаналылар Орынбор ведомствосының қарамағында болса, ал кейін, оңтүстік пен шығыска аудысуына байланысты Сібір ведомствосына көшірілді. 1867—1868-жылдары Сырдария және Ақмола облыстары құрылған кезеңде бағаналылар Қөгөл ажар шатқалына дейін — Сарысудың оңтүстікке қарай бұрылатын жеріне дейін барды, Саумалкөл мен Телікөлге жақыннады.

Сырдария облысының соғыс губернаторы 1894 ж. 25 казанда Түркістан генерал-губернаторына жазған ха-

тында Шу өзенінен Сарысудын бас жағына дейінгі ара-лық — тамалар жері, ал олардың оңтүстік-батысындағы Сарысу өзені, Саумалкөл мен Телікөл аймағы — қып-шақтар жері деп хабарлайды. Багапалылар XIX ғ-дың алпысынши жылдарынан кейін ғана төменге, оңтүстікке; тамалар, қыпшақтар, жапластар, бақтиялар Шу мен Сырдария жағалауындағы қырғыздардың басқа да тайпаларының жайлауларына қыстаі бастады. 1000 шаңырақтан тұратын бағаналы Перовск уезіндегі, 500 шаңырақ Шымкент уезіндегі қыстақтарға көшіп-қонып жүрді.

Сөйтіп, тартыс Сарысу өзенінің бойын, Саумалкөл мен Телікөл өзендерінің айналасы және одан әрі оңтүстікте Шу және Сырдарияға дейінгі жерлер үшін жүргізілді.

Далалық облыстарды басқару жөніндегі ережеге сәйкес бұл талас уезд басқармасының Бес құлақ съезінде шешілді. Съезд Сырдария мен Шұ жағалауларындағы қазактар бұл көлдер мен Атбасар уезінің сол төңіркетегі жерлерін жайлауға ерікті деген шешім шығарды. Бағаналыларға Сарысу мен көлдер шебінен солтүстік бағыттағы жерлер берілді. Дегенмен, олар бұл шешімге мойынсұнбады, өйткені олардың Сарысу мен Шу өзендерінің төменгі сағасында, Қаратрудың солтүстік бектерлерінде, тіпті Сырдарияда өте күнарлы суармалы жерлері, тұракты қоныстары мен қора-қопсылары болатын. Бағаналылар бұрынғысынша Ұлытаудың солтүстік-шығыс бектерлерін, Сарысудың төменгі ағысын, Саумалкөл мен Телікөл аймағын қыстады. Олардың бір бөлігі Сырдария бойының Перовск мен Жүлек арасындағы тоғайларына, тіпті Қызылқұмға дейін барды. Екінші бөлігі Шу жағалауындағы құмдар мен Қаратрудың батыс тармактарын қыстады. Бұл аймақта бағаналылардың 7 724 шаруашылығы болды.

Көкшетау уезі оңтүстікте Ақмола және Атбасар уездерімен, солтүстікте — Петропавлмен, батыста — Торғай облысымен, шығыста — Семей облысымен шектесті. 1897 жылғы санак бойынша 72 398 қазак өмір сүрген 8 болысы болды, уезде барлық тұрғын саны 107 071 адамға жеткен. Уездің барлық сегіз болысында 11 704 шаруашылықты біріктірген 68 әкімшілік болды.

Уезд жеріне едәүір көлемде қоныстанушы шаруалар көшіп келді, 1912 ж. олардың саны 117 700 адамға жетті.

Жайылымдық жерлердің тарыла түсіү қазактар шаруашылығын егіншілікпен айналысуга мәжбүр етті.

Егер 1896 ж. егіншілік уездегі қазақ шаруашылықтарының 23,3%-ін қамтыса, 1907 ж. бұл процент 47,7%-ке дейін жетті.

Уезд жерін екі тайпа: арғын (атығай және қарауыл рулары) және керей (ақсары руы) рулары мекендеді. Ақсары руы Бурабай көлінің айналасын жайлап, қарауыл руының иеліктерін екіге бөлді. Бұл ру қауымдары Ешім, Шағалалы өзендерінің бойын, Коскөл, Саумалкөл т. б. көлдерді, толып жатқан кішігірім өзендер бойын (Аққан бөрілік, Жабай т. б.) және басқа жерлерді иемденді. Атығай руы уездің солтүстік бөлігін мекендеді.

Петропавл уезі Ақмола облысының киыр солтүстік батысын алып жатты, ол шығыста Омбы уезімен, солтүстікте — Тобыл губерниясымен, ал батыста — Торғай облысымен шектесті.

XIX ғасырдың 80-жылдарының ақырында уезд 69 ауылды (10 832 шаруашылықты) қамтитын 8 болыстан тұрды, 90-жылдарда негізінен ірілендіру есебінен болыстар саны 13-ке дейін өсті. Уезде өмір сүрген 100 886 адамның жартысынан астамын қазактар құрады.

Уезд қазактары негізінен Орта жүздің төрт тайпасына жатты: арғындар (канжығалы, атығай және қарауыл рулары), керейлер (сыбан, қожебе, балта рулары), уақтар (шоға және ергенекті). Уезде қыпшактардың бірнеше қауымдары мекендеді.

Атығайлар Омбы уезінің шекараларынан Ешімнің сол жағалауларына дейінгі уездің шығыс бөлігін иемденді; олармен бірге қарауыл руының қауымдары шағын-шағын топ болып көшіп жүрді. Канжығалы руы уездің батыс бөлігінде жайғасып Қанжығалы болысын құрады. Олар Мезгілсіз ормандар деп аталатын жерлерді иемденді (356 шаруашылық). Керейлер мен уақтардың қыстактары мен жазғы жайылымдықтары Ешімнің он жағалауларынан бастап уездің батыс бөлігіне орналассты. Олардың иеліктері осынау кен-байтак жерлерде кеzekтесе ауысып отырды. Қыпшактар Жәңгір, Биесойған және Қойбағар көлдерінің айналасына, уездің батыс бөлігіне, сондай-ақ уақтар мен керейлер жайлауларымен көршілес онтүстік-шығыс бөлігіне неғұрлым жинақы орналасты.

XIX ғасырдың 30-жылдарынан қазақ руларының уездің ішкі және сыртқы шептерінде жаппай араласуы басталды. Жерлері казактарға бөлініп берілген қазактар көшіп кетуге немесе бұрынғы өз жерлерін жалға алуға мәжбүр болды. Бірақ олардың түптеп келгенде сол жал-

ға алған жерлерден де кетулеріне тұра келді. Жеріненжайылымдықтарына көшіп кетті. Әсіресе Ишим жағалауындағы қазактар қатты зардал шекті. «Казактардың қырғыздар жеріне жасаған бұл шабуылы аяқталмай жатып, қоныстанушы шаруалардың жаңа шабуылы басталды» — деп жазды XX ғасырдың басында қазактар жағдайы хакында далалық облыстарды зерттеу жөніндегі экспедицияның бір мүшесі (48-м. 73-б.). Қоныстанушылар, орыстар жаңа өлкеге өз отанының түсініктері мен әдеттерін ала келді. Олар қырғыздардың көшпенді мал шаруашылығына негізделген өмір салтын, осыншама үлан-байтақ жерлерінің салт-дәстүрін мұлде түсінбеді. «Патшаға солдат бермейтін», «ац сияқты індерінен шықпайтын» осынау адамдардың мұншама мол жерлерді «біздің пандарымыз сияқты қыруар жерді» иемденіп отырғаны қоныстанушылардың ызасын келтірді. Сондықтан да қоныстанушылар қырғыз шабындықтарын шауып алуды, қырғыз қыстақтарын қыскы қақаған борандардан корғап түрган тогайларын кесіп әкетуді, олардың ата-бабаларының зираттарын талқандауды ешкандай өрекелдігі жоқ нәрсе деп санады.

Қазак жеріне қоныстану нәтижелерін мына мәліметтерден-ақ көруге болады: егер 1907 ж. уезге Ресейден 6 100 қоныстанушы көшіп келген болса, олардың саны 1912 ж. 56 000-ға жетті.

Көптеген жайылымдықтарынан, дәстүрлі мал шаруашылығынан — өздерінің ең басты тіршілік көзінен айрылып, орны толмас зардал шеккен қазақтар енді егіншілікпен айналыса бастады. XIX ғасырдың ақырында-ақ олар «көршілес казак және қоныстанушылар поселкелерінің үлгісімен кең көлемде егін шаруашылығымен айналысты. Шөп шабудың көлемі де үлгайды, ол мал шаруашылығының үлғаю дәрежесінен 120% асып тұсті.

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында астық егу курт артты, 1901 жылдан 1908 жылға дейінгі аралыкта ол 83,6% өсті. Егер 1901 ж. уезде 2 688 тұқым себетін шаруашылық болса, 1908 ж. олар 5 812-ге жетті, яғни 116,2%-ке асып тұсті.

Омбы уезі Ақмола облысының солтүстік-шырыс бөлігін алып жатты. 1899 ж. уезд қазактарының үлесінен 3 709 458 десятина жер тиді, ал қазактар поселкелері 558 608 десятина жерді иемденді. Үш жылдан соң қазыналық саяжайларға — 93 564, Сібір казак әскеріне — 826 123 десятина, Омбы қаласының қарамағына — 11 368

десятина, қоныстанушыларға — 647 451 десятина, қазактар үлесіне 3 194 867 десятина жер тиді, яғни қазақтар пайдаланатын жер көлемі 613 591 десятинаға дейін кеміді, мұның есесіне Сібір казак әскері мен қоныстанушылар иемденетін жер күрт өсті.

Омбы қазактары шаруашылыктары арасында шөп шабу мен егіншілік үлесі үлғайды. Олар 1901 ж. 981 863 көпене, ал 1908 ж.— 2 141 059 көпене шөп шапты. Жеті жыл ішінде (1901—1907 жж.) тұқым себетін шаруашылыктар қатары 11 есе өсті, осы кезеңнің ақырында ауылдардың жалпы санының 49,7%-і немесе 2 338 шаруашылық егіншілікпен айналысты. Егер мәліметтерді болыстар бойынша алатын болсақ, онда кейбіреулерінде егіншілікпен айналысу проценті әлдеқайда жоғары, мысалға, Алабота болысында — 74,2%, Омбы болысында — 80,1% (көрсетілген болыстардағы ауылдардың жалпы санынан). Орыс жер өлшеушілері «көп ұзамай (сөз XX ғасырдың екінші онжылдығы туралы болып отыр — М. М.) егін екпейтін бір де бір ауыл қалмайды» деген қорытынды жасайды (36-б. 74—75-б.).

Үстеме қаржы табудың аса маңызды көздерінің бірі үй және жалдамалы кәсіпшілік болды (киіз басу, тері илеу, ағаш кесіп сату, көшірлік, аңшылық, балықшылық т. б.). Халықтың көпшілігі сыртқа барып, жалдамалы кәсіпшілікпен айналысты (75,2%); үй кәсіпшілігімен айналысушылар 24,8% болды. Кәсіпшіліктен түсетін табыс көлемі 1909 ж. 217 502 сомға жетті. Дегенмен, егіншіліктің дамуына байланысты қазактар шаруашылығында кәсіпшілік үлесінің кемі түсkenін байқауға болады, бұл өзінен өзі түсінікті — егін егу үй ішін тіршілікке қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз етті. Егер 1907 ж. кәсіпшілікпен 5 835 адам айналысса, 1909 ж. ондайлар 2 537-ақ адам болды.

Уезде тайпалар былайша орналасты: қыпшактар — уездің онтүстік-шығыс бөлігін, олардың солтүстік-батыс жағын (Ертістен Теке коліне дейін) керейлер иемденді. Қыпщактар: қара қыпшак және құлан қыпшак болып үлкен екі бірлестікке бөлінді, ал керейлерден мұнда құрсары рұы (бұрас, құрман, есенәлі, сақал, малай, сары аталары) жайлады. Уездің онтүстігін құрсары рұы (керейлер) сырым атасының қауымдары мекендеді. Арғын тайпасының атығай және қарауыл рулары солтүстік және батыс бөлігіне, қарауыл рұы (арғындар), құрсары рұы (керейлер) — уездің онтүстік бөлігіне орналасты.

ТОРГАЙ ОБЛЫСЫ

Торгай облысы солтүстікте Орынбор губерниясымен, онтүстікте — Сырдария, батыста — Орал облысымен, шығыста — Ақмола облысымен шектесті. Облыстың жер көлемі 400 830 шаршы шақырымға тең болды. 1900 жылғы мәліметтер бойынша облыстағы 461 000 адамның көшпенді деп атаған казактар саны 420 292 адамға жеткен.

Көшпенділер Торгай, Ырғыз өзендері алқаптарын, Үлкен және Кіші борсық, Қарақұм құмдарын, Арап төңізінің солтүстік жағалауларын, Сырдарияның төменгі ағысын қытады. Облыстың солтүстік бөлігі, Сырдария жағасы казактардың жазғы, көктемгі-күзгі жайылым-дыхтары болды.

Облыс төрт уезге бөлінді. Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торгай. Оның шекарасына казіргі Қостанай, Батыс Қазақстан және Торгай облыстарының жерлері жатады.

Орталықтан шаруаларды қайта қоныстандыру Торгай облысына айтарлықтай ықпал етті. 1897 жылға қарай Ақтөбе уезінде 28 400 қоныстанушы болды, ал Қостанай уезінде XIX ғасырдың ақырында олардың пайдасына 500 мың десятина ең құнарлы жерлер тартып әпепрілді. Казактар пайдасына тартып алғынған жерлерді де ескермеуге болмайды. Бұл туралы орыс зерттеушілері былай деп жазады: «Ен соңында, кейін Сібір және Орал казак әскерлерін құраған өлкені жауап алушылар — қызмет адамдары мен еркін келушілердің өздерінің басып алу әрекеттерін тап осы жерлерден (бұл жерде сез-Петропавл және Қостанай уездері жайлы болып отыр — М. М.) бастағандарын көрсете кетпөуге болмайды, ал өлкені басып алған соң оған тарап кетпей, оның солтүстік, шығыс және батыс аймақтарына, яғни ең таңдаулы жерлеріне тұрақтал қалды» (65. 179-б.). Авторлар сол кездің өзінде-ак өлкені игерудің басқыншылық сипатын атап көрсетті, біз мұны ұмытпауымыз керек.

Казактардың жерін тартып алу негізінен ауа райы мейлінше жайлы, топырағы құнарлы уездердің — Қостанай және Ақтөбе уездерінің аймақтарында жүргізілді. 1906 жылға қарай қоныстанушылардың пайдасына 1 022 167 десятина таңдаулы жерлер тартып алынды.

Қостанай уезі Торгай облысының солтүстік-шығыс бөлігіне орналасты. Оның солтүстік шекарасы Ў өзенінің бойымен өтіп, солтүстік-батыста және батыста қоныстанушылар пайдасына тартып алғынған жер белгісімен жүрді. Ол онтүстікте Ақтөбе, Ырғыз және Торгай

уездерімен, ал шығыста — Ақмола облысымен шектесті. Уезд 81 441 қазак өмір суретін 10 болыстан тұрды.

Уезд егін шаруашылығы жақсы дамыған аймактарға жатты: 1909 ж. жалпы есепке алынған 18 010 шаруашылықтың 15 951-і (88,5%-і) егіншілікпен айналысып, олардың егістік жер қолемі 107 440 десятинаға жетті. Уезді мына тайпалар мекендеді: 1) Орта жүзден — қыпшақ (ұзын, көлденең, торыайғыр, торы, карабалық рулары), арғын (төменгі шекті, бәсентін, қарекесек рулары), керей (балта, сибан, қожебе рулары); 2) Қіші жүзден — байұлы (жаппас руы), жетіру (жағалбайлы, тілеу, тама рулары).

Жағалбайлы руы уездің онтүстік-батыс бөлігіне орналасып, оның қауымдары Қарағанды, Қарабұтак, Шортанды, Тобыл өзендері мен солардың салаларын, Шалқар, Әйеке, т. б. көлдердің төңірегін мекендеді. Жаппас руының қауымдары Желқуыр өзенінің бойын, Сандықсor, Айқамыс, Сопалы т. б. көлдердің төңірегін иеленді. Уездің қалған барлық бөлігіне Орта жүз тайпалары орналасып: керейлер солтүстік және солтүстік-шығыс байұтты, Қарақамыс көлінің айналасын, Алабұға өзенінің жағалаулары мен Алакөлдің айналасын қыстады; уездің шығыс және онтүстік шығыс бөлігіне арғындар жайғасып, олар Обаған өзенінің оң жағалауларынан Обаған көліне дейінгі жерлерде, Жалтыр, Қарақамыс көлдерінің айналасында, Ашысу өзенінің бойында т. б. көшіп-конып жүрді; арғындардан батысқа қарай орналасқан қыпшақтар Тобыл, Әjet өзендерінің бойында, уездің солтүстік-батысында жиі кездесетін толып жатқан ұсақ көлдердің айналасында неғұрлым жинақы орналасып. Орта жүз тайпаларының арасында байұлы тайпасы (Кіші жүз) жаппас руының үлкен қауымдары өмір сүрді: олар Қарасудың оң жағасын, Алқасор, Жанғызқөл, Майтау т. б. көлдердің төңірегін, Обаған, Тобыл өзендерінің бойы мен басқа да жерлерді иемденді. Ақтөбе уезі солтүстікте және солтүстік-батыста Орынбор шебінің жерлерімен, шығыста — Ырғыз уезімен, онтүстік және онтүстік-батыста — Орал облысымен шектесті. 104 441 қазак өмір суретін 12 болыстан тұрды.

ХХ ғасырдың басында зерттеушілер бұл аймақ тұралы былай деп жазды:

«Ақтөбе уезі табиғи-тарихи қатынастары жағынан... Қостанай уезіне үқсас: оның екеуі де суреттеліп отырған өлкенің қара топыракты белдігіне жатады және кей жерлері тұтасқан орманды дала, ал негізінен жалпак дала;

уезд жерінің жартысына жуығы қолайлы деп есептелі-неді» (65. 338-б.).

Жері құнарлы болғандықтан мұнда қоныстанушылар арасында ғана емес, қазақтар арасында да егін шаруашылығы жақсы дамыды. 1910 ж. 17 837 шаруашылықтың 17 127-сі (96%-і) егіншілікпен айналысты; олар 190 811 десятина жерге егін екті, орташа есеппен бір шаруашылыққа 11,1 десятинадан келді. Бұл Қазақстан бойынша ең жоғарғы көрсеткіш.

Уезд жеріне Қіші жүз қазактары, есіресе жетіру тайпасының қауымдары орналасы: жағалбайлы руы Ор және оның салалары бойымен уездің шығыс және солтүстік шығыс бөлігіне, Жайықтың сол жағалауына, ал оңтүстікте — Қарағайлы, Қосестек және Дамбар өзендерінің бойларын иеленді. Табын руы негізінен оңтүстікбатыс және орталық бөлікті — Кобда, Қара Қобда, Қіші Қобда және Сары Қобда, Терісаккан, Тамды, Қарағанды, Елек, Жаман Қарағайлы өзендерінің бойын жайлайды. Тама руының қыстаулары солтүстік-батыс бағытқа — Жайықтың сол жағасына, Бөрте, Орта Бөрте өзендерінің бойы мен Қиялы Бөртенің жоғарғы жағына, ал оңтүстікте — Елек, Орташа, Қектөбе, Елімбай т. б. өзендердің салаларына орналасы. Саны аз керді руы Қобданың жоғарғы жағын, Електің Богословский станицасының карсы бетіндегі сол жағалауын мекен етті.

Әлімұлы тайпасының ішінде ең адамы көбі кете және шекті рулары еді. Олардың қыстақтары Ақтөбеден оңтүстікке қарай, Шолаксай, Пішенсай, Табынтал т. б. өзендердің бойында болды. Жайық, Елек, Бөрте өзендерінің бойына әлімұлы тайпасының басқа рулары: шемекей, қаракесек, төртқара қыстады. Байұлы тайпасы жаппас руының бірнеше қауымы уездің солтүстік-шығыс шалғайларында көшіп-қонып жүрді, ал Тамды өзенінің жоғарғы жағының оңтүстік бөлігін өз алдарына дербес болыстыры жоқ уақ тайпасының (Орта жүз) қауымдары жайлады.

Торғай облысының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Ұрғыз уезі оның жалпы аумағының 32,5%-ін алдып жатты. Ол оңтүстікте Сырдария облысымен және өз облысының уездерімен шектесті. XX ғасырдың басында 105 446 қазақ өмір сүретін 14 болысы болды.

Ұрғыз далалары ежелгі заманнан Сырдария жағалаулары мен Араг тәңізінің солтүстік жағалауынан осында келетін казак руларының жазғы және күзгі жайылымдықтары болатын. Орал казак әскерін құру және

оларды шеп бойымен орналастыру, ал одан кейін — Сырдария шебін күру Кіші жұз тайпаларын бірте-бірте Ырғыз далаларына тұрақтауға мәжбүр етті, сөйтіл олар XIX ғасырдың ақырына қарай тек уезд қолемінде ғана көшіп-қонып жүрді.

Тұргындарының басым көпшілігі әлімұлы тайпасы (шөмекей, төртқара, шекті, қаракесек рулары) болды, олардың қыстаулары Ырғыздың жағалаулаурында, Торғайдың Жоғарғы ағысында, Арап жағалауындағы Қарасүйек, Үлкен және Кіші Борсық құмдарында, Арап тенізі жағалаулаурындағы қамыстарда, Шалқар-Қарасу, Мешіт-Қарасу көлдерінің төнірегінде, Ұғаджар тауларының солтүстік-шығыс бөктерлерінде, Шет-Ырғыз, Қарасай, Қайыңды т. б. өзендердің бойында, көптеген шатқалдарда шашырай орналасты. Торғайдың төменгі сағасында, оның сол жағалауында жетіру тайпасы тілеу руының, ал оң жағалауында — байұлы тайпасы алтың руының қыстақтары жатты. Орта жұз уақ тайпасы қауымдарының аздаған топтары шектілер арасында Құлан-дыш түбегінің маңында (Арап тенізі) және жағалаудағы аралдарда қыстады.

Торғай уезі облыстың қыыр оңтүстік-шығыс бөлігіне орналасты, олар облыстың барлық жерінің 37,2%-ін алғып жатты. 1893 жылғы санасында мұнда 72 897 адам өмір сүрді, олардың 391-і отырыкшы, 72 506-сы көшпенді өмір сүрді.

ХХ ғасырдың басында орыс ғалымдары былай деп жазды:

«Торғай уезінің табиғаты да Ырғыздағы сияқты өте жұтақ, уездің басым бөлігі (2/3-ге дейін) тұлдырысыз сор мен қуаң дала, тек аздаған солтүстік бөлігі ғана өзге-шелеу. Сондыктан да уезд отарлаудан біржолата сырт қалған» (65. 342-б.). Дегенмен, қазактар егіншілікпен айналысты: 1908 ж. 14 370 шаруашылықтың 3 355-і егін екти, бұл олардың жалпы санының 23,3%-і болып табылады.

Уезде 14 370 шаруашылықтан тұратын 12 болыс болды, негізінен Орта жұз қазактары: арғындар (төмен шекті және жоғарғы шекті рулары), қыпшақтар (карабалық, торы, құлан қыпшақ, ұзын рулары) мекендейді. Арғындар Қопа, Мерген көлдерінің төнірегін, Сары Торғай жағалауларын, Жыланшық өзенінің төменгі ағысын және уездің орталық және батыс бөлігіндегі басқа да жерлерді жайлады. Қыпшақтар уездің шығысы мен оңтүстігін — Жыланды өзенінің сол жағалауын, Қарынсал-

ды, Тасты, Үлкен Қайыңды, Торғай т. б. өзендердің бойын мекендеді. Уездің онтүстік-батысында, Сарықопа, Сарымойын көлдерінің төнірегі мен басқа да жерлерді Кіші жүздің әлімұлы (шекті руы) мен байұлы (алтын және жаппас рулары) тайпалары жайлады, бірақ олар Орта жүз руларына қарағанда әлдеқайда азшылық еді.

ОРАЛ ОБЛЫСЫ

Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігіне орналасқан Орал облысы 4 уезден: Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездерінен тұрды.

Облыстың жер көлемі 284 412 шаршы шақырым, тұрғындарының 8,7%-ін қала халқы, 25,8%-ші — орал казактары, 65,4%-ші қазактар құрады.

1897 жылғы санасында облыста 645 121 адам болды, оның 460 173-і Кіші жүз қазактары.

Орал уезі екі бөлікке — Орал қазактары қоныстанған оң жағалауға, қазак рулары жайғасқан сол жағалауға бөлінді. Облыстағы барлық казактар жерінің 25,8%-і осы уездің үлесіне тиді. Өйткені Жайықтың оң жағалауы мейлінше шұрайлы шабындықтар болатын.

1906 жылғы мәліметтер бойынша 12 631 қазак шаруашылықтарының 10 506-сында (85,1%) 71 724 десятина егістік жер болды, бұл уезд қазактары шаруашылықтарында егіншілік үлесінің жоғары екендігін танытады.

Уезд 150 901 адамы бар 8 болыстан тұрды, ал казактарды қосып есептегендеге уезде 298 619 адам өмір сүрді.

Уезді Кіші жүздің екі тайпасы: байұлы (байбакты және масқар рулары), жетіру (табын, тама, кердері рулары) тайпалары мекендеді. Табындар Қобда өзенінен Утва (уездің шығысында) өзеніне дейінгі кеңістікті иеленді, масқар және байбакты руларының қауымдары — Жайықтың сол жағалауын, Шалқар көлінің маңын, Қөпір-Аңқанаты, Есен-Аңқанаты өзендерінің бойын (уездің солтүстік және орталық бөлігінде) жайлады. Тама руының көшпендері уездің орталық бөлігін, кердерілер — Орал қаласының қарсы бетін иеленді.

Ілбішін уезі облыстың батыс бөлігіне орналасып, солтүстікте Орал облысымен, онтүстікте — Гурьев уезімен, шығыста — Темірмен шектесті, ал батыста Жайықтың сол жағалауына жетіп тірелетін 15 болыстан тұрды. Уездегі 169 673 адамның 144 257-сі қазактар болды.

Оның жерінің басым көпшілігін байұлы тайпасының рулары мекендеді. Алаша руы Өлеңті өзенінің орта ағысын, Қалдығайты, Жақсыбай өзендерінің төменгі ағысын, Итмұрынкөл, Тұздықөл, Сулықөл, Жамбай көлдерінің жағалауларын, Жайық бойындағы 10 шақырымдық белдік шекарасының Котельный, Кругловск бекіністерінің қарсы бетіндегі жерлерді, толып жатқан шатқалдарды қоныс етті. Байбакты руы Калмыковскден Орловскке дейінгі бекіністердің қарсы беттерін (Жайық бойымен), Қамыстықөл, Ащықөл, Тұздықөл көлдерінің қамыстарын, Қалдығайты өзенінің орта ағысының бойымен және басқа да жерлерді қыстап жайлады. Исық руы Қалдығайты өзенінің бойын, Бүйрек, Тайсойған, Қекөзек, Жаманағаш құмдарын және басқа жерлерді қыстады. Тана руының аздаған қауымдары Өлеңті өзенінің бас жағын, Қекөзек құмдарының батыс бөлігін және басқа жерлерді, масқар руы — Шілдерті өзенінің бастауларын, Үлкенашы және Жаманащы өзендерінің төменгі ағысын, Соркөлдің айналасын, есентемір руы — Бұлдыртының оң жағалауын, оның орта ағысын қыстады. Беріш руы масқар руымен бірге көшіп жүрді.

Уезд шаруашылықтарының басым көпшілігі жетіру тайпасының табын руына жатты, олар Бұлдырты өзенінің орта ағысы мен бас жағын және Кожехаровск бекінісінің қарсы бетін, Жайықтың сол жағалаудағы бөлігін жайлады. Олардан солтүстікке қарай, Шалқар көліне құятын Қарағайфаты және Сарыөзек өзендерінің алқаптарында жетіру тайпасы кердері руының қыстаулары шашырап жатты. Жақсыбай өзенінің бас жағында әлімұлы тайпасы кете руының бірнеше қауымдары қыстады. Уездің қыры оңтүстігінде, Шөптікөл, Актөбе, Жалтыр-сор, Қарасор көлдерінің төнірегінде, Ойыл өзенінің сағасы мен Бүйелікцияқ өзенінің бойында байұлы тайпасы адай руының қыстақтары орналасты.

Темір уезі облыстың оңтүстік-шығыс бөлігіне орналасып, шығысы мен солтүстік-шығыста Торғай облысымен, солтүстікте — Орал, батыста — Ілбішін уездерімен, оңтүстікте — Қаспий сырты облысының Маңғышлақ уезімен шектесті. 95 001 адамы бар 17 болыстан тұрды, халқының 94 094 адамы Кіші жүз қазақтары болды. Олардың ішінде: әлімұлы (қаракесек, кете, шекті рулары), байұлы (масқар, таз, шеркеш, алаша, исық рулары), жетіру (кердері руы) тайпалары.

Ойыл өзенінің бас жағын шекті, кете және кердері рулары иеленді. Шектілер мұнымен катар Ембі, Темір

өзендерінің бойларын, Мұғаджар таулары мен басқа да жерлерді жайлады. Қаракесек руы шектілердің оңтүстігін ала Ашықөл, Жиделі өзендерінің бойын қоныс етті. Сағыздың бас жағына кете руы орналасты. Алаша, шеркеш рулары Ойыл өзенінің оң жағалауында, дала көлдерінің айналасында көшіп-қонып жүрді.

1908 жылғы мәліметтер бойынша уездің 13 392 шарапуашлығының 10 434-і (77,91 %-і) егіншілікпен айналысты, олардың 39 336 десятина егістік жері болды, бұл уезде егіншіліктің кең қанат жайғанын тиңтады.

Гурьев уезі Орал облысының қыры оңтүстігінде орналасып, батыста Бекей ордасымен, солтүстікте — Ілбішін, шығыста — облыстың Темір уездерімен, оңтүстікте — Каспий сырты облысының Маңғышлақ уездімен шектесті. Оның құрамына 86 758 тұрғыны бар 17 болыс енді, халқының 70 921 адамы қазақтар болды. XX ғасырдың басына қарай уезд халқы үлгайып, 118 400 адамға жетті. Бұл өлке туралы орыс зерттеушілері былай деп жазады:

«Гурьев уезі — отырықшы ғана емес, көшпенді халықтың өзінің өмір сүруіне қажетті жағдайлардың мүлде болмауы себепті өлкенің халқы өте аз уездерінің бірі; мұнда, әсіресе, ауыз судың тапшылығы мен өсімдіктің жұтандығы айрықша байқалады» (65. 324-б.). Өндөлеңтін егістік жер көлемі 0,01 %-ак болды.

Уезді Кіші жүздің: байұлы (адай, беріш, есентемір, исық, таз, тана, қызылғұрт, шеркеш рулары), әлімұлы (кете, қаракесек, шекті рулары), жетіру (тама руы) тайпалары мекендеді.

Байұлы тайпасы Ембінің бойын, Каспий теңізінің жағалауы мен Жайық өзенінің бас жағын жайлап, Орал қазак әскерінің жерлеріне дейін жетті. Әлімұлы тайпасы негізінен Жайықтан шығысқа қарай, уездің солтүстігіне орналасты. Шектілер сонымен катар уездің шығыс бөлігінде байұлы тайпасының руларымен бірге көшіп жүрді. Жетіру тайпасының тама руына келетін болсақ, олар Каспий жағалауын байұлы тайпасымен бірге жайлайды.

Маңғышлақ уезі 1881 ж. Каспий сырты бөлімінен (1874 ж.) құрылған Каспий сырты облысының құрамында болды. Бұл облыс 18 жыл бойы өз алдана өмір сүріп келді де, тек 1899 ж. ғана Туркістан генерал-губернаторлығына қосылды. XX ғасырдың басында ғалымдар былай деп жазды: Қаспий сырты облысында «Тек Маңғышлақ және Красноводск уездерінде ғана бірыңғай көш-

пенде қырғыздар (казактар — М. М.) мен түрікмендердің бір бөлігі мекендейген...» (66. 343—344, 352-б.).

«Әкімшілік орталығы Александровск форты болған Манғышлақ уезі Каспий мен Аral аралығында жатқан Каспий сырты облысының бүкіл солтүстік батысын (уезд жерінің көлемі 1937 650 шаршы шақырым, яғни Дания, Греция және Бельгия жерлерін қосып есептегенге тең) алды жатты, халық тым сирек орналасқан (барлығы 77 000 адам, яғни 1 шаршы шақырымға 0,3 тұрғыннан келеді) және ағынды сулары мүлде жоқ дерлік (Ақтау және Қаратай тауларындағы бірқатар маусымдық жылғалардан басқа). Құдықтар өте көп, бірақ олардың көвшілігінің суы ашқылтым... Қөшпелі қырғыздар бері дерлік мал шаруашылығымен айналысады... Бүкіл уездегі суармалы жер 500 десятинадан аспайды» (66. 621—622-б.). Бұл мәліметтерді Т. Кияшконың XIX ғасырдың ақырында жазған очерктері де дәлелдей түседі (37. 159-б.).

1897 жылғы санак бойынша уезде 69 450 адам өмір сүрген, олардың 64 122-сі қазактар, 2 953-і түрікмендер, 2 002-сі орыстар мен басқа ұлттар. Уезд күрамына 8 болыс енеді.

Арал теңізінің батыс жағалауын жетіру тайпасының табын руы мекендей, уездің бүкіл қалған бөлігін (Үстірт қыратын, Манғышлақ түбегі мен Бозашы түбегін) бай-ұлы тайпасының адай руы жайлады. Қысқы жайылымдықтар Қаратай, Ақтау тауларына, Сенгіркүм, Аққұм, Сарыөзек құмдарына, сондай-ақ Үстірттің кейбір жерлеріне топтастырылды. Қектемгі, жазғы, күзгі жайылымдықтар көршілес Гурьев және Темір уездерінде: Сам және Семматай құмдарында, Ембіде және одан әрі Жайық пен Ырғызда орналасты.

БӨКЕЙ ОРДАСЫ

Кіші жүз ханы Нұралы хан өлгеннен кейін (1785) хан тағына талас басталды. Хан тағына халық арасында беделі жоқ сұлтандар бірінен соң бірі отырды, сондықтан олар билік құрған кезеңде ірі рулық бірлестіктерді басқаратын әр түрлі партиялар арасында жайылымдықтар мен ордадағы ықпал үшін алакөздік пен қырқысулар қүшіне түсті. Бақталастарды бітімге келтіру үшін орыс үкіметі «хан кеңесін» бекітіп, әлі де Ресей бодандығын мойындай қоймаса да оған Бөкей сұлтан басшы болып тағайындалды. Хан тағына мұрагерлік жолымен өзінен

үлкен ағасы Қаратай отыруға тиісті болғандықтан, Бәкей өз жақтастарын қол астындағы қазактармен бірге Жайықтың арғы бетіне көшуге әзірлей бастыды. Бірақ бұл үшін орыс әкімшілігінің рұқсатын алу керек болды, өйткені олар уміт еткен жерлер Орал қазак әскерінің бағдаруында болатын.

1801 ж. Бәкей сұлтан өзіне бағынышты көшпелі қауымдармен бірге Ресей қол астына өтуге тілек білдіріп, «Жайық пен Еділ арасына біржолата көшіп баруга» өтініш жасады. Бұған байланысты Павел I: «...қыргыз-қайсақ Кіші Ордасындағы хан кенесіне басшылық жасап отырған Нұралы ханның баласы, Бәкей сұлтанды өз қарамағыма шын ықыласыммен қабылдағыши, қай жерге көшіп барам десе де еркіті, оған көрсеткен шрзадырымның белгісі ретінде кара таспамен мойынға тоғып жүрестін, өз бейнем бедерлеңген алтын медаль сыйлаймын» деген жарғы шығарды (9. 191-б.).

Алғашында Бәкей сұлтанимен бірге Жайық — Еділ өзендерінің аралығына 5000 шаңырақ, негізінен байұлы тайпасының көшпелі қауымдары етті. 1803 жылға қарай олардың саны 7 500-ге жетті.

Жаңадан құрылған Бәкей ордасының шекаралары бірте-бірте белгілі бола бастады: солтустікте — Самар губерниясының Жаңаөзен уезімен, онтүстікте — бұрынғы канцлер Безбородко мен кінәз Юсуповтың мұрагерлерінің Қаспий жағалауларындағы саяжайларымен, батыста — Астрахан губерниясының Царевск уезімен, осы губернияның кундр татарлары мен қалмактар жерлерімен, шырыста — Жайық жағалауымен шектесті. Бәкей ордасы қазактары барлығы 6 млн. десятина жерді иемденді.

1812 ж. Бәкейге хан атағы берілді, көп үзамай, 1815 ж. ол қайтыс болды, артында шиеттей үш баласы қалды. Орыс әкімшілігі билеуші-сұлтан етіп Бәкейдің бауыры Шығайды тағайындалды. 1824 ж. хан тағына Бәкейдің баласы Жәңгір тағайындалды. Жәңгір билеген тұста Ордада 16 550 шаңырақ болды.

Жәңгір хан өлгеннен кейін (1847 ж.) Ордадагы хан билігі таратылып, ішкі істер министрлігіне бағынатын «ішкі Орданы басқару жөніндегі уақытша кенес» күрілді.

Жайық сыртына қайта қоныстанудың бастапқы кезеңдеріндегі сиякты Жәңгір хан билік құрған тұста көшпенділердің басым көпшілігі байұлы тайпасының 12 руына жатты, олар: беріш, шеркеш, масқар, адай, жап-

пас, исық, есентемір, байбақты, алаша, тана, қызылғұрт, таз. Орда ішінде жетіру тайпасының үш руы: тама, кердері, табын және әлімұлы тайпасының кете руы көшіп жүрді.

Бұл негізгі рулардан басқа ордада А. Харузин өз алдарына жеке ру етіп бөлген топтар: сұлтан руы, 500 шаңырақ қожалар (Мұхамбеттің ең жақын серігі — Сайдтін ұрпактары), 1000 шаңыраққа тарта төлеңгіттер, 1000 шаңырақ ногайлар көшіп-конып жүрді. Бұлардың соңыларын топқа да, руға да жатқызуға болмайды, өйткені ногайлар өз алдына этнос (халық). А. Харузин де «ногайлар қазіргі Бөкей даласында қалмактарға дейін өмір сүрді» деген пікір айтады (76-а. 34-б.), демек, олар — Жайық пен Еділ аралығына бөкейліктер көшіп келуден көп бұрын-ақ осында қоныстанған. Осы тұста өткен тарихқа сәл назар аудара кету қажет.

Ногай ордасының негізгі жерлері (XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын орда ыдырағаннан кейін) тап осы Жайық пен Еділ аралығында болған. Ногайлар Жайықтың сол жағалауларындағы бөліктегі де жайлап, XV ғасырдың ортасында Сырданияға дейін жеткен.

Ногайлар — қазактарға туыстас халық, екеуінің де құрамына түрік текстес тайпалар мен рулар енеді. Бұл халықтардың тұрмыс-салттары ғана ұқсас емес, сонымен қатар рухани дүниелері де — көптеген эпикалық мұралары ногайларға да, қазактарға да — жалпы алғанда көптеген түрік халықтарына ортақ.

Астрахан хандығы Ресейге қосылғаннан кейін Ногай ордасы бірнеше жеке иеліктерге бөлінді, Жайық пен Еділ аралығындағы ногайлар сол иеліктердің бір бөлігі.

Сейтіп, орданың негізгі тұрғындары байұлы тайпасының қазактары болды, аздаған жетіру мен әлімұлы тайпаларының қауымдары да кездесті. Орда қазактары негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Құнарлы жерлері үлкен және Кішіөзен өзендерінің аралығы саналды, міне, 130 539 десятина көлеміндегі осы жерлерді патша үкіметі 1873 ж. Орал қазак әскерінің пайдағына тартып әперді.

Шаңырақ санының артуы, жер тапшылығы бөкейліктерді жаңа жайылымдықтар іздеуге мәжбур етті. 1863 ж. Министрлер кабинетінің нұсқауымен көшпенділердің Еділ жағалауындағы қыстактар мен Ақтөбе жағалауындағы қоныстарға және Астрахан губерниясындағы саяжайларға көшіп келуіне рұқсат етілді.

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ

Орыс аскерлерінің 1847 жылдан бастап қазақ дала-лары мен Орта Азияда бағындырған барлық жерлерінен 1867 ж. Сырдария және Жетісу облыстары құрамына енетін Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Орталығы Ташкент қаласы болды. Кейін губернаторлыққа Каспий сырты облысы (соның ішінде жоғарыда біз сөз еткен Маңышлақ уезі) және Орта Азияның жағадалы бағындырылған жерлері қосылды. XIX ғасырдың аяғында Жетісу облысы өз алдына бөлініп шықты, біл бул туралы жоғарыда айттық. Бұл жерде барлық үш жүз қазактары мекендеген Сырдария облысы сия болиды.

Облыстың жер көлемі 8 595 шаршы шақырым болды, онда 818 479 адам өмір сүрді. Оның құрамынан 5 үеуд және Әмудария бөлімі енді. Соңғы бөлімдің негізгінен пәнбектер мекендеді, солдықтан ол туралы біз сия отпесіміз.

Егер Сырдария облысының шекирилліршін кляйргі Қазақстан жерімен қарастыратын бөлшек, ол Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының жерлерін қамтыды.

Орыстардың Сырдария облысының жерін отарлауы 1874—1876-жылдарға, Астрахан және Воронеж губернияларынан шыққан қоныстанушылардың Жетісудан Сырдарияға қарай беттей бастаған кезеңге саяды. 1880 жылға қарай мұнда орталықтан 2 000 адам қоныстандырылды, жағадаң үш поселкенің іргесі қаланды. Бірақ бұл қоныстанушылар оның үкіпты егіншілер болмады, олар сол кездегі шенсүйктер атап қөрсеткендей, бір селодан екіншісіне қацыруды ғана білді.

1903 ж. «түпкілікті Түркістан» аймагындағы қайта қоныстану туралы арнаулы ережелер шырапылды. 1911 ж. Сырдария облысында 108 поселке болды, олардың 87-сі Шымкент және Әулиеата үездеріне орналасы. Бұл поселкелерде 203 000 десятина жерді иемденген 40 000 адам тұрақтады. Бұл жерде мынадай бір жағдайға көзіл боле кеткен жөн және оны қазақтардың орыс қоныстанушыларына қөрсеткен адамгершілік қатынасы деп бағалau керек. Егер далалық облыстарға байланысты Жетісу далалық ережесінде көшпенділерге берілген «артық» жерлерді жалпымен мемлекеттік қажеттіліктерге, тіпті қоныстанушылар мұддесіне пайдалануға рұқсат етілсе, Түркістан өлкесін басқару туралы ережеде мұндай бап болған жоқ. Ал жаңа поселкелердің іргесі қалай қаланған-

дары туралы орыстардың өздері мынадай мағлұматтар береді:

«Сырдария облысында алғаш түрғызылған орыс поселкелерінің барлық жерлерін жергілікті әкімшілікпен екі жақты келісім негізінде өз еріктерімен қыргыздардың (казактардың — М. М.) өздері берді» (66. 327-б.).

Дегенмен, ру басшылары деп түсінуіміз керек, «көшпенділердің белгілі топтарының» бұл еркіті әрекеттері орыс коныстанушыларының талаптарын онша қанағаттандыра қоймады да, 1910 жылғы далалық ереженің көшпенділердің «артық» жерлерін коныстанушылар пайdasына алып беру туралы бабы Түркістан өлкесінде де күшіне енгізілді.

Қазалы уезі Сырдария облысының солтүстік-батыс бөлігіне орналасты. Солтүстік-батысында ол Торғай облысымен, оңтүстікте — Эмудария бөлімімен, оңтүстік шығыста — Перовск уезімен шектесті.

Батыс және солтүстік шекаралары Арап теңізінің жағалауларымен өтті. Құнарлы жерлері Сырдарияның төменгі ағысында орналасты.

Үездің жер көлемі 87 020 шаршы шақырым болды, онда 1909 ж. 1 қантарда 179 500 адам, негізінен қазактар коныстанды. Олар мал шаруашылығымен ғана емес, сұармалы егіншілікпен де айналысты. Астық, бақша және техникалық дақылдар егістіктері 22 000 десятина жерді қамтыды. Балық аулау да кең еріс алды.

Үезд қазактары — әлімұлы тайпасы мен оның шекті, қарекесек, төртқара, шөмекей және қарасақал руларынан құралды. Шектілер қыстактары Арап теңізінің жағалауына, ал қалғандары — Сырдария жағалауларына орналасты. Егер үездегі әр түрлі рулардың ара қатынасын салыстыратын болсақ, ол мынадай: шекті — 40%, төртқара — 15%, шөмекей — 30%, қарекесек — 4%, қарасақал — 7%. Бұлардың сыртында 4% сұлтандар, төленгіттер, қожалар тобы, сондай-ақ Сырдарияның жағасында тұратын қарақалпақтар болды. Қазалы қазактары жазда көшіл Ұрғыз уезінің жерлеріне, Егізқара таулауына, Буратал, Ащыбулак, Ушқамты, Жарбұлақ және Қандай өзендеріне дейін барды. Шекті руы бұдан да әрі — Мұғаджар таулары мен Ембіге дейін көшті.

Перовск уезі Қазалы уезінің шығыс жағына Сырдарияның жағалауына орналасты. Ол солтүстікте Торғай облысымен, бір бөлігі Ақмола облысымен шектеседі. Алып жатқан жер көлемі 61 420 шаршы шақырым. Үезд түрғындары негізінен қазактар — 179 800 адам. Төрт

орыс поселкесінде небәрі 700 орыс тұрғыны өмір сүрген. 1908 ж. орыстар мен қазактар жерін қосып есептегендеге егістікке және бақша дақылдарына 40 500 десятина жер бөлінді.

Уезд жерін Кіші және Орта жүз тайпалары мекендеді. Кіші жүз ішінде ең көп тарағандары: әлімұлы тайпасының кete руы — 2 284 шаңырақ уездің солтүстік-батыс бөлігін, жетіру тайпасының керейт руы — 1 386 шаңырақ Сырдарияның сол жағалауын иеленді. Уездің оң жағалаулық, солтүстік-батыс бөлігіне әлімұлы тайпасының шөмекей руына енетін — 60 шаңырақ орналасты. Байұлы тайпасы алтын руының қауымдары — 170 отбысы Жалағаш шатқалының батыс беткөліп қыстауды, ал сол шатқалдың шығыс қапталышын Поропск үездің қаласына дейін жетіру тайпасы тибын руының 1 047 шаңырағы мен тама руының 140 шаңырағы қыстауды. Вайұлы тайпасы жаппас руының 1 714 шаңырағы Перовскінің шығыс жарына Сұлутөбе шатқалына дейінгі жерлерді жайлады.

Орта жүз тайпалары: 586 шаңырақ найман, 464 шаңырақ қыпшақ, 350 шаңырақ арғын, 301 шаңырақ қонырат Төменарықтан Жаңақорғанға дейін орналасты.

Шымкент уезі солтүстікте Ақмола облысымен, онтүстік-батыста Самарқан уезімен, Сырдария облысының басқа да уездерімен шектесті. Уезд жері 87 900 шаршы шақырымға тен. Уезде XX ғасырдың басында 250 794 қазак, 11 000-ға тарта орыс және 41 350 өзбек өмір сүрді. Уезд қурамына 28 болыс енген.

Сол кездегі адамдардың сөздеріне қаратауда, «қырғыздардың (қазактардың — М. М.) басым көпшілігі отырықшыланып үлгірген, олар мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысады» (66. 600-б.). Егін шаруашылығына уездің онтүстік-шығыс бөлігі — Сырдариядан Тянь-Шань бектерлеріне дейінгі жерлер негұрлым колайлы саналды.

Уезді үш жүздің тайпалары мекендеді. Ұлы жүз тайпалары (дулат, ысты, ойық, ошакты рулары) уездің шығыс бөлігіне — Сырдария, Арыс өзендерінің бойына, Қаратауға, Мойынқұмға т. б. жерлерге орналасты.

Жетіру тайпасының тама руы мен байұлы тайпасының шеркеш руы Шу өзенінің төменгі сағасын жайлады.

Қаратаудың онтүстік-батыс беткейлеріне, Бөген, Шаян, Арыстанды, Арыс өзендерінің Сырдарияға дейінгі алқаптарына Орта жүздің қонырат тайпасы орналасты. Олардан онтүстік-шығыска қарай, Қаратау бектерлерін-

де Ұлы жұз ошақты тайпасының қауымдары көшіп жүрді.

Әулиеата уезі Талас жотасының солтүстік беткейлеріне, Александр жотасы батыс бөлігінің екі жақ беткейіне, Талас өзені мен сол төңіректегі далалық және құмды аймақтарға орналасты. Ол батысында Шымкент уезімен, оңтүстікте Та什кент және Наманған уездерімен, шығыста — Жетісу облысының Пішпек және Верный уездерімен шектесті.

Уездің жер көлемі 65 420 шаршы шақырым, негізгі халқын (339 472 адам) қазактар, өзбектер мен орыстар құрады. Орыстар саны жөнінен (22 300 адам) уезде Туркістан өлкесінің барлық уездері арасында саны басым болды.

Уездің Мойынқұм (Шудың сол жағалауы) мен Бетпақдаладағы (Шудан солтүстікке қарай) солтүстік бөлігі мал шаруашылықты аудандар болып есептелді. Уездің оңтүстік бөлігі шұрайлы тау жайылымдықтары және егістік жерлері бар Талас өзені мен оның салалары арасындағы таулы беткейлерді алғып жатты. Бұл жерде мал шаруашылығы мен егіншілік қатар жүргізілді.

1907—1908-жылдардағы мәліметтер бойынша уездегі 42 790 шаңырақтың 35 294-і (82,5%-і) 158 733 десятина жерге егін екті, бұл жердің 85,4%-і суармалы егіс болды.

Уезді негізінен Ұлы жүздің: дулат (жаныс, сикым, ботбай, шымыр рулары), шапырашты, сіргелі, ысты, ошақты, жалайыр, ойық, сары үйсін және қатаған-шанышқылы тайпалары мекенdedі. Уезде бұлармен қатар арғындардың (Орта жұз) 629 шаруашылығы болды. Дулат тайпасының қыстактары Шу өзенінің сол жағалауына, Құрағаты өзенінің жоғарғы және орта ағысының бойына орналасты. Шудың оң жағалауын шапырашты, сіргелі, жалайыр тайпаларының қауымдары қыстады. Талас өзенінің алқабына ошақты тайпасы, осы өзеннің бас жағына ысты тайпасы жайғасты. Таластың оң жағалауына сары үйсіндер мен дулаттар орналасты. Талас өзені ауданындағы дулаттар арасында қатаған-шанышқылы тайпасының аздаған қауымдары да көшіп жүрді. Шудың оң жағалаудағы бөлігін жалайыр тайпасының қыстактарымен аралас-құралас арғындар да қыстады. Уездің көшпенді қауымдарының жазғы жайылымдықтары Қаратау тармақтарында, Талас және Ассы өзендерінің аралығында, Таластың төменгі сағасында орналассты. Арғындар Семей облысы Қарқаралы уезіндегі өз тайпаларының жерлеріне дейін көшіп-қонып жүрді.

Ташкент (бұрынғы Құрама) уезі солтустікте Әулап-ата және Шымкент уездерімен, онтустікте Самарқандың және Фердана облыстарымен шектесті. Оның жер көлемі 25 610 шаршы шақырым. Халқы үлттық жағынан да, рулық қатынастары, этникалық құрамы жөнінен де ала-құла болды: мұнда отырықшы және көшпелі (бұлардың алғашқыларын сол уақытта сарттар деп атады) өзбектер, тәжіктер, ногайлар, еврейлер, үндістер т. б. өмір сүрді. Уезд тұрғындарының едәуір бөлігін — 20 710 шаңырақ немесе уездің 274 500 тұрғынының ішінен 144 970 адам қазақтар құрады, олар мал шаруашылығымен піналысты, бірақ Шымкент уезіндегі сияқты мұнда да отырықшылық пен егіншілікке зор көңіл болғанды.

Қазақтардың басым көшілігі негізінен Сырдария бойына тұрақтаған Ұлы жүздің дулат тайпасының жалтты. Олардан батысқа қарай Кіші жүздің жетіру және байұлы тайпаларының қауымдары көшіп-конып жүрді. Дұллаттар арасында Шымкент уезіндегі сияқты ұсак-ұсак топ болып, қатаған-шанышқылы тайпасының қауымдары да мекен етті.

Құрамалар да едәуір түрік тілдес топ болды, алғашқыда этониміне қарай уезд осылай аталды. Олардың 11 043 шаңырағында 77 301 адам өмір сүрді. Құрамалардың шығу тегі туралы әр түрлі пікірлер бар: біреулер оларды «отырықшы қазақтар», енді біреулер негізінен әр түрлі өзбек және аздаған қазақ рулары мен тайпаларының араласуынан пайда болған, өзбектер құрамындағы субэтникалық топ, ал үшіншілері сол уақыттағы казақтардан қалған сөздерге қарап, құрамалар көптеген тайпалардан құралған (құра — «құрап тігу, қындылардан құрау») деп есептейді де, оларға жалайыр, тілеу, тама, жағалбайлы, тарақты сияқты қазақ тайпалары мен руларды жатқызады. Отырықшы құрамалар Ташкент пен Ходжент арасын мекендеді.

Ташкент уезімен көршілес Ходжент және Жизақ уездерінде де қазақтар өмір сүрді: бұлардың алғашқысында 4 280, екіншісінде — 11 200 қазақ тұрғындары болған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазактардың этникалық атамекені XVI—XVII ғасырларда қазіргі Қазақстан Республикасы жерінің шекараларында қалыптасты. Араб, парсы, Византия, Батыс Еуропа, Қытай саяхатшыларының, Қазақстанның ұланғайыр далалары арқылы өткен немесе болған адамдардың әнгімелері арқылы дала халқына сипаттама берген тарихшылардың жазбаша деректемелері осының дәлелдейді. Орыстардың да Савва Есиповтың Сібір жылнамасы немесе Ремизов жылнамасы сияқты деректемелерінде Қазак (қазақ) Ордасы туралы және оны құрғап халық туралы айтылады.

Қазактардың этникалық атамекендерінің жекелеген бөліктерін тартып алу XVIII ғасырда басталды. Қазақ жерлерін басып алғып, халқын бағындырмақ болған Жоңғар хандығының мақсаты орындалмай қалды. Басқышылар түптеп келгенде Қазақстан шептерінен күлді.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатын негізгі екі кезеңге бөлуге болады: 1) қазақ жерлерін әскери қоныстар шебі арқылы иелену; 2) шаруалар отарлауы.

XVIII ғасырдың басынан XIX ғасырдың ортасы ара-лығындағы алғашқы кезеңде Жайық, Ертіс өзендерінің бойына, Солтустік Қазақстанның шет жактарына, Жетісуға және Сырдария бойына камалдар, форттар, бекіністер салынды. Бұл шептердің ұзына бойына казак әскерлері орналастырылды (Оралдық, Сібірлік), Сырдария бойы мен Жетісуда бекіністер орынды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарын қамтитын екінші кезеңде өлкені жаппай отарлау жүзеге асырылып, соның салдарынан көптеген жерлер орталық Ресейден келген қоныстанушыларға тартып әперілді, қоныстанушылар қаптап келіп, демографиялық үлкен өзгерістер өріс алды.

Барлық қоныстанушылардың жартысынан астамы (56,2 %) Ақмола облысына, 15,3 %-и Торғай, 10 %-и — Се-

мей, 9,1%-и — Жетісу, 6,3%-и — Орал, 3,1%-и Сырдария облысына тұрақтады. Ал бұларды санға шақсақ мынадай: Ақмола облысына — 850 600, Семейге — 133 500, Жетісуға — 207 200, Торғайға — 225 100, Оралға — 133 100, Сырдария облысына — 79 500, облыстар бойынша барлығы — 1 629 200 қоныстанушы көшіп келді (19. 160—161-б.).

Қазақстанның бірқатар облыстары халқының арасында қазақтардың үлес салмағының төмендеуіне, соңдай-ақ олардың жалпы санының азаяуына көптеген себептер: экономикалық, саяси, әскери себептер әсер етті.

Жайылымдықтарынан айрылып, өз жерлерін дауласып қайтара алмаған қазақ қауымдаршының ендігі тіршілік қамы үшін не әрекет ете алатынын көз алдырышынан келтіріңдерші. Патша үкіметінің жерді коньстанушыларға тартып әперуінің солдаришынан қазақ қорамы феодал-бай ақсүйектерінің жайылымдықтарды өз қолдарына алуын күштейтті. Халық екі жақты, патшалық және өз феодалдарының қыспағына түсті. Еңбекші бұқара жокшылық пен азап тауқыметін тартып, көптеген қазақ қауымдары Сібірге, Монголияға, Орта Азияға, тіпті Ресейге көшіп кетті.

Казак шептерін құрудың салдарынан қазақтар жасанды турде ыдырап, дәстүрлі көші-коныс жолдары бұзылды. Мысалы, Ашы шеп (Қазақстанның солтүстігінде) халықты «ішкі» және «сыртқы» қазақтар дегенге бөлді. Бұлардың біріншілері Ашы шептен солтүстікке қарай, яғни Орынбор аймарында, Оңтүстік Жайық бойында және Оңтүстік Сібірде, екіншілері Ашы шептен оңтүстікке қарай жоғе Ертіс шабілінің батыс жағында, яғни казақ даласында өмір сүрді.

Байқаңыздар ма, патша үкіметі осындағы тиян отарышылдық реформа жүргізген жағдайларың өтінде қазақтардың ішкі округтердегі жерінсі айырмай, онда пиядалану хұқын берді. Ал ол жерлерде қазақтар мен басқа да түрлік халықтары ежелгі уақыттардан бері түргандағын ондағы бүгінгі күндерге дейін сакталған жер-су аттарының өзі-ақ айқын дәлелдейді (Ақсу, Қарасу, Талды т. б.).

Казак қамалдарының тізбегі мен Ашы шеп бойындағы қоныстар келе-келе Ресейдің Қырғыз (Қазақ) өлкесінің шекарасы ретінде қабылданды.

Ресей мем Қытайдағы отарышылдық даулары Санкт-Петербург келісім шартын (1881 ж.) жасаумен аяқталып, соның нотижесінде қазақтардың жерінің едәуір бөлігі Синьцзян аймагының қылды.

Қазақтардың ежелгі этникалық атамекенінің бір бөлігін онда өмір сүретін жергілікті халқымен коса бөліп алуын, сондай-ақ қазақтардың өздерінің этникалық атамекендерінен сырт жерлерге көшуін мынадай демографиялық мәліметтерден байқауға болады. 1916 жылға қарай қазіргі Қазақстан жерінде және Қырғызстанның бірқатар аймақтарында 3 994 500 қазақ, Орта Азияда (Самарқан, Каспий сырты, Ферганпа облыстарында) — 235 500, Астрахан губерниясында — 353 700, Орынбор, Самара, Томск, Тобол, Енисейде — 95 100, ал Ресей империясының жерінде барлығы 4 678 800 қазақ өмір сүрген (19. 180—181-б., 38-кесте).

Империядан тыс жерлерде, шетелдерде тұратын қазақтардың саны 100 000 шамасында болған. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қазақстандағы туған жерлерін тастап, 250—300 мың қазақ шетелге кетті.

Ресейден қоныс аударған шаруалардың жаппай отарлауы салдарынан Қазақстанның бірқатар солтүстік және шығыс облыстарында қазақтардың үлес салмағы азайып қалды. Патша үкіметі жүргізген отарлау саясатының зардабы, міне, осындай.

Қазір кейбір адамдар белгілі бір халықтың айрықша қасиеттерін атап көрсетуді немесе оларды ерекше бөліп қарасты, немесе Қазақстан жерінің бір бөлігін кесіп алуды жақтаушылар ретінде бой көрсетіп жүр. Олар бұл талаптарды қойғанда не нәрсеге сүйенеді? Ондайлар орыстардың белгілі бір облыс халықтары арасында көпшілік болып отырғандарын ғана тілге тиек етеді. Ал бұның себептері қандай? Бұл жайлы жүмған ауыздарын ашпайды! Ал ол себептер мынау: әскери отарлау, патша үкіметінің қайта қоныстандыру саясаты. Бұл 1917 жылға дейінгі әрекеттер. Ал одан кейін ше? Халықтың малмұлкін кәмпескелеу және ұжымдастыру салдарынан туған алапат аштықтың барысында, баспасөзде жарияланған жекелеген материалдар деректеріне қарағанда, 2 миллионнан астам қазақ ажал аузында кеткен. Сталиндік күғын-сүргін жылдарында барлық халықтар адам төзгісіз зардап шекті, солармен бірге мындаған қазақтар тікенекті тор ішінде жоқ болды.

Осындай мүшкіл күйлеріне қарамастан Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан республика жеріне көшіп келген, сондай-ақ тірідей отандарынан айрылған «арнаулы қоныстанушыларға» бауырларынша құшақ жая қарсы алды.

Саяси астары, әсіресе оның көлеңкелі жақтары толық ашила қоймаған тың «әпопеясы» да Қазақстанға еліміздің түкпір-түкпірінен көптеген ұлт өкілдерінің шубап кеслуіне себеп болды. Ал «коммунизмнің ұлы құрылыштары» басқа ұлт адамдарының ағылуын үдете түсті.

Міне, республиканың бірқатар облыстарында демографиялық катынастардың өзгеріп, қазактардың азшылық болып қалуына негіз болған себептер осындаї.

Аса шиеленіскең, қарама-касылықтарға толық күнірті уақытта, өкінішке орай, еліміздегі халықтар достығынан бұзуға құштар адамдар көбейіп барады, «пайғамбарлар» да қаптап кетті, солардың алғашқысы болғысы қолін жүргендердің бірі — Солженицын. Ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарын екінші соғыс адамдир ратінде, тіпті жан құрлы көрмейді, оғз үйдиуди болған жылдары қазактардың қапысы қымқорлыққа әлгашып үмітынпектін сияқты.

Солженицын тарихи деректердің ідеялі бурмалиш, Қазақстандан кезінде патша өкіметі ғасыр алған жерлерді тартып алуға шакырады. Тіпті патша өкімшілігінің өзі де қазактардың этникалық атамекендерінің тұтастығына шек келтірмей, өздерінің Қазақстанға қатысты реформаларының барлығында да ерте уақыттан бері белгілі шекаралардағы жерлер (округтер, кейін — облыстар) қазак болыстарының мерзімсіз пайдалануында болып табылатынын әрқашанда атап көрсетті. Ал бұл жерлердің шекаралары — қазіргі Қазақстан жеріне сай келеді.

Қазактардың этниколық атамекені мен олардың территориялық тұтастығының сақтауышы Конституцияның бен республиканың егемендігі турилы Декларацияның то-лық кепіл бола алады.

Көптеген объективті жоғе субъективті оболптармен өздерінің этникалық атамекендерінен көтуге мажбур болғандардың тым құрығанда бір белгілі оғзғ жайтын оралса, қазактардың ұлт ретіндегі этниколық шорырларына жағдай туғызар еді. Бұл күрделі де үзак мөрәмді талап ететін құбылыс.

Біздің республикамыздың заңдары әр халықты, оның тілі мен мәдениетін қорғайды, бірде-бір ұлтқа артықшылықтар бермейді. Бәрі де тең, бәрі де бірдей маңызды. Барлық ұлттардың өкілдері өндіріс орындарында да, ғылымда да, мәдениетте де катар тұрып еңбек етеді. Біздің бөле алмай жатқан ештеңеміз де жоқ, ал бір кісінің баласында жұмыла кіріссек қана тыныштық сақтап, еркін еңбек етіп, салтанатпен өмір сүре аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абусентова М. Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Наука, 1988.
2. Акишев К. А. Курган Иссык. М.: Искусство, 1978.
3. Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. М.: Наука, 1965.
4. Басин В. Я. Россия и казахские ханства в XVI—XVIII в. Алма-Ата: Наука, 1971.
5. Бекмаканов Е. Б. Казахстан в 20—40-е годы XIX века. Алма-Ата: ОГИЗ, 1947.
6. Бекмаканов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. М.: Издательство АН СССР, 1957.
7. Бекмаканова Н. Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. М.: Наука, 1980.
8. Бекмаканова Н. Е. Многонациональное население Казахстана-Киргизии в эпоху капитализма. М.: Наука, 1986.
9. Бларемберг И. Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) орды и Зауральской (Малой) орды Оренбургской ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. СПб., 1848. т. 14. ч. 3.
10. Бромлей Ю. В. Очерки теории этноса. М.: Наука, 1983.
11. Брук С. И. Население мира: Этно-демографический справочник. М., 1981.
12. Валиханов Ч. Ч. Аблай // Собрание сочинений. т. 1. Алма-Ата: Наука, 1961.
13. Валиханов Ч. Ч. Шунц-батыр // Собрание сочинений. т. 1. Алма-Ата: Наука, 1961.
14. Волости и населенные места 1893 г. Вып. 1. Акмолинская область. СПб., 1893.
15. Волости и населенные места 1893 г. Вып. 5. Семипалатинская область. СПб., 1893.
16. Волости и населенные места 1893 г. Вып. 14. Тургайская область. СПб., 1894.
17. Востров В. В., Муканов М. С. Родоплеменный состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX в.) Алма-Ата: Наука, 1968.
18. Галкин М. Сведения о местах расположения киргизских родов Оренбургского края. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. СПб., 1854.
19. Гинзбург В. В. Материалы к антропологии древнего населения Юго-Восточного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 7. Алма-Ата: Издательство АН КазССР., 1959.

20. Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М.: Наука, 1967.
21. Жданко Т. А. Номадизм в Средней Азии и Казахстане // История, археология и этнография. М.: Наука, 1968.
22. Жданко Т. А. Специфика этнических общностей в Средней Азии и Казахстане (XIX — начало XX в.) // Расы и народы. М.: Наука, 1974.
23. Завалишин И. Описание Западной Сибири. СПб., 1867, т. III.
24. Зуев Ю. А. Китайские известия о Суйябе // Известия АН Каз.ССР, серия: История, археология и этнография, 1960. Вып. 3.
25. Идаров С. Киргизская степь Сибирского ведомства и новоучрежденная в ней Семипалатинская область. Журнал МВД. СПб., 1854 г. ч. VII.
26. История Казахской ССР. т. I. Алма-Ата: Наука, 1977.
27. История Казахской ССР. т. 2, 3. Алма-Ата: Наука, 1979.
28. Казахско-русские отношения в XVII—XVIII веках. Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство АН Каз.ССР, 1961.
29. Киргизское хозяйство в Акмолинской области: а) т. I. Каракалпакский уезд. СПб., 1910. б) т. II. Омский уезд. СПб., 1910. в) т. III. Петропавловский уезд. СПб., 1910. г) т. IV. Акбасарский уезд. СПб., 1910.
30. Княшко Т. Очерки Закаспийской обработки // Вестник сберег., 1889, № 9.
31. Клишторный С. Г. Древнютюркские письменные памятники. М., 1904.
32. Козыбаев М. К. Истина и мифы // Казахстанская правда, 1990, 26—28 июля.
33. Коншин Н. Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. Вып. I.
34. Копеев Ю. Павлодарский уезд // Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям, 1889, № 29.
35. КСРО Орталық мемлекеттік тарихи архиві: а) 1264-кор, 1-тізім, 316, 347, 357-іс; а) 1281-кор, 7-тізім, 4, 5, 7-іс; б) 1291-кор, 81-тізім, 22, 23, 95-іс.
36. Кузнецов В. Результаты пересмотра норм земельного обеспечения киргизов Усть-Каменогорского уезда Семипалатинской области. СПб., 1908.
37. Кумеков Б. Государство кимаков в IX—XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата: Наука, 1972.
38. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві: а) 4-кор, 1-тізім, 272, 2583, 2584, 4238-іс; а) 15-кор, 1-тізім, 133-іс; б) 21-кор, 1-тізім, 541, 594, 695-іс; в) 64-кор, 2-кітап, 1-тізім, 430, 930, 4014, 4238, 4334, 4408, 4694-іс; г) 374-кор, 1-тізім, 193, 271, 321, 323, 330, 560, 612, 911, 1464, 1811, 2077, 2447, 5227-іс; д) 501-кор, 2-тізім, 117-іс; е) 2077-кор, 1-тізім, 911-іс; ж) 345-кор, 1-тізім, 766-іс.
39. Логутов Н. Очерки родового быта казахов Семипалатинской губернии // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана, 1929, т. I, Вып. XVIII.
40. Макшеев А. И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае // Записки Русского географического общества по статистике, 1871, т. II.
41. Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966.

42. Материалы для статистики Туркестанского края: а) Вып. I. Спб., 1872. б) Вып. II. Ташкент, 1893.
43. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей под руководством Ф. Щербины: а) т. I. Кокчетавский уезд. Воронеж, 1898. б) т. II. Атбасарский уезд. Воронеж, 1902. в) т. III. Акмолинский уезд. Воронеж, 1903. г) т. IV. Павлодарский уезд. Воронеж, 1903. д) т. V. Кустанайский уезд. Воронеж, 1903. е) т. VI. Карагалинский уезд. Воронеж, 1905. ж) т. VII. Актюбинский уезд. Воронеж, 1903. з) т. VIII. Зайсанский уезд. СПб., 1905. и) т. IX. Усть-Каменогорский уезд. СПб., 1905. к) т. X. Семипалатинский уезд. СПб., 1909. л) т. XI. Омский уезд. М., 1902. м) т. XII. Петропавловский уезд. Чернигов, 1908.
44. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района: а) Уральский уезд. Оренбург, 1907, 1909. б) Темирский уезд. Оренбург, 1910. в) Тургайский уезд. Оренбург, 1911. г) Кустанайский уезд. Оренбург, 1912. д) Иргизский уезд. Оренбург, 1913.
45. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Сыр-Дарьинской статистической партией под руководством П. А. Скрыплева: а) Чимкентский уезд. Ташкент, 1908. б) Аулие-Атинский уезд. Ташкент, 1911. в) Первовский уезд. Ташкент, 1912. г) Казалинский уезд. Ташкент, 1913.
46. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черниевского и Аулие-Атинского уездов Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1915.
47. Материалы по обследованию туземного русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П. Румянцева: а) т. I. Лепсинский уезд. СПб., 1911. б) т. II. Капальский уезд. СПб., 1913. в) т. III. Джаркентский уезд. СПб., 1912. г) т. IV. Веринский уезд. СПб., 1913.
48. Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области: а) т. II. Усть-Каменогорский уезд. СПб., 1913. б) т. III. Заисанский уезд. СПб., 1913.
49. Миллер Г. Ф. История Сибири. М.-Л., 1941, т. II.
50. Митаревский А. Акмолинская область. Полтава, 1912.
51. Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата: Наука, 1974.
52. Муканов М. С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан, 1979.
53. Муканов М. С. Казахская юрта. Алма-Ата: Қайнар, 1981.
54. Обзор Акмолинской области за 1915 г. Омск, 1916.
55. Памятники Сибирской истории XVIII в. СПб., 1885. Кн. 2. 1712—1724 г.
56. Первая всеобщая перепись Российской империи 1897 г.: а) т. XXXV. Семиреченская область. СПб., 1905. б) т. XXXVII Уральская область. СПб., 1904. в) т. XXXII. Закаспийская область. СПб., 1904.
57. Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV—начале XVI веков. Алма-Ата: Наука, 1977.
58. Полный свод законов Российской империи: а) т. XXXVIII, № 29125, № 29172. б) 2-е собрание, т. XXIX, № 28255. в) 3-е собрание, т. II. № 886.

59. Положение об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. *Верный*, б/г.
60. Потанин Г. Н. Заметки о хлебопашестве в киргизской степи // Газета для сельских хозяев. 1861, № 18.
61. Радлов В. В. Из Сибири. М.: Наука, 1989.
62. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. т. XVIII. Киргизский край. СПб., 1903.
63. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. т. XIX. Туркестанский край. СПб., 1913.
64. Сборник договоров России с Китаем. СПб., 1889.
65. Сборник узаконений о киргизских степных областях. Составил И. И. Крафт. Оренбург, 1898.
66. Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. СПб., 1907.
67. Солженицын А. И. Как нам обустроить Росснию // Литературная газета, 1990, 18 сентября.
68. Старовойтова Г. Ответственность нации // Литературная газета, 1990, 13 октября.
69. Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. Алма-Ата: Наука, 1988.
70. Султанов Т. И. Сословие султанов в Казахском ханстве XVI—XVII вв // Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата: Наука, 1981.
71. Тресвятский В. Материалы по земельному вопросу в азиатской России // Степной край, 1917, Вып. 1.
72. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. СПб., 1879.
73. Файзиев Т. О родоплеменном составе узбеков-кураминцев конца XIX — начала XX в. // Общественные науки Узбекистана. Ташкент, 1965, № 11.
74. Харузин А. Киргизы Букеевской орды (Антropolого-этнологический очерк): а) Вып. 1. М., 1889. б) Вып. 2. М., 1891 (ч. 1).
75. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII—первая треть XIX в. Алма-Ата: Наука, 1989.
76. Шахматов В. Ф. Институт тюленгутства в патриархально-феодальном Казахстане // Известия АН КазССР, серия: Истории, экономики, философии и права. 1955, Вып. 2.

МАЗМУНЫ

Казақтардың XVIII ғасырдың басындағы атамекені Ресейдің казақ жерлерін отарлауы	3 9
Жонғар шапқыншылығы	11
Казақтардың Ресей бодандығын қабылдауы	13
XVIII ғасырдың акырындағы қазақ тайпаларының орналасуы	15
XIX ғасырдағы әкімшілік-шаруашылық реформалар және олардың қазақтардың орналасуына жасалған ықпалы	22
Жетісу облысы	39
Семей облысы	43
Ақмола облысы	49
Торғай облысы	57
Орал облысы	61
Бекей ордасы	64
Сырдария облысы	67
Қорытынды	72
Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер	76

Марат Сабитұлы МҰҚАНОВ

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТАРИХЫ

**«Атамұра» баспасының бас директоры
Мұхтар Құл-Мұхаммед**

Редакторы Әділхан Пірманов

Корректоры Қайрат Мұлікбаев

Тех. редакторы Валентина Голубцова

Суретшісі Қансейіт Төреқұлов

ИБ № 5143

Теруге 22.10.93 берілді. Басуға 25.03.94 қол қойылды. Форматы 84×108^{1/32}. Баспаханалық қағаз. Шығынды баспа. Есептік баспа табагы 5. Шартты баспа табагы 4,2. Тапсырыс № 1316. Тиражы 30 000. Бағасы келісімді.

«Атамұра» баспасы. 480091, Алматы қаласы, Абылай хан дақылы, 93/95.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспаханасы. 480016, Алматы қаласы, Д. Конев көшесі, 15/1.



08/08/91